

ТҮЙТКІЛ

ЕЛ ШЕТІНДЕГІ

ЕЛЕС АУЫЛ

2018 жылы Оңтүстік Қазақстаннан еліміздің солтүстігіне 9 мың адам қоныс аударады. Ақжолтай ақпарды еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Нұржан Әлтаев хабарлады. Бұл көрсеткіш өткен жылғымен салыстырғанда үш есе көп.

Петропавл қаласынан тым жырақта, шекараның шетінде орналасқан аудан орталығы Пресновка селосына дейін үш сағаттан артық жол жүрдік. Бұл аудан — ежелгі тыңгерлер ауданы. Бұл өңірде казак ауылдары арагидік қана кездеседі. Негізінен, тыңның эпицентрі атанған өңірде өзге жұрт басым.

Богатое селосының аты жазылған қалақтай кара қаңылтыр жауын мен желден әбден тозып, өзіне көңіл аудармаған билікке өкпелегендей қарауытып тұр екен.

Село алкам-салкам. Құтты бір нақ ортасына жойкын бомба түсіп, төңірегін тас-талқан етіп жайпап кеткендей аңғал-саңғал. Үйлерінің шаңырағы опырылып, қоралары уақыттың зілмауыр салмағын көтере алмағандай бір жамбасына жантая құлап жатыр. Қазір мұнда бар болғаны 18 адам тұрады. Бір кезде берекесі асып-тасып, шаруасы шалқыған елді мекен еді. Атауының ілкідегі тарихын індететін болсақ, ақ қашып, қызыл қуған аласапыранға дейін бұл жерде кіл саудагерлер тұрған. Екі елдің арасындағы саудаға дәнекер болғандар да солар екен. Казак даласындағы ен байлықты сапырып әрі тасыған. Селонның көнекөздері бертінге дейін қырат-қырқадағы ескі көмбелерден бағзы патша заманындағы алтын-күміс, теңгелер табылғанын ауыздарының

суы құрып аңыз қылып айтады. Ол — бұрынғы байлар. Селонның бүгінгі байлары — зейнеткерлер. Олар аз болса да зейнетақы алады, теңге ұстап көрген.

Бір кезде осы Богатое селосында мыңға таяу шаңырақ болғандығына бүгінгі күні ақы берсең де ешкім сенбес еді. Село соңғы қазығын суыра көшіп, ту-талақай болып 11 үй қалған. Оның екеуі

кыс ортасында кара қоныстарының сықырлауық есіктеріне ат басындай кара құлып салып, үдере көшкен.

Осы ауылдың тұрғыны Наталья Полникованың айтуына карағанда, жері керемет құнарлы. Шөптің сан алуан түрі өседі. Айнала ит тұмсығы өтпейтін қалың орман. Түгін тартса, майы шығалы дерлік. Ең өкініштісі сол, бел буып жұмыс істейтін азамат қалмаған.

— Жазды күні біздің орманды аралап көрсеніз ғой. Жабайы аң-құстың жыртылып айырылғаны өз алдына, шіркін-ай, жеміс-жидекке тұнып тұр ғой. Бәрін былай қойып, саңырауқұлағын айтсаншы. Мен жаз бойы табиғаттың тартуын тірнектеп жинап, сатамын. Анау көлде балық тайдай тулап жатыр. Топырағы құнарлы болған соң үй жанындағы бақшаға қандай дақыл өккен де шыға берелі. Міне, осылай тірлік құрып жатырмыз. Бұдан артық қимылдауға ынта болғанымен, дәрмен жоқ. Күйеуім Ресейге кетіп қалғандықтан, алты жыл бойы өз күшіммен күн көріп келе жатырмын, — дейді кейуана.

(Жалғасы 6-бетте)

Богатое селосының аты жазылған қалақтай кара қаңылтыр жауын мен желден әбден тозып, өзіне көңіл аудармаған билікке өкпелегендей қарауытып тұр екен.



ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Білім саласында министр ауысқан сайын жаңа реформа басталады. Сол теріс үрдіс ауыл шаруашылығына да келгендей. Кеше ауыл шаруашылығы министрлігінің жылдық есебін қорытындылаған Өмірзақ Шөкеев салада қордаланған түйткілді ортаға салды. Осыған орай, Сенат депутаты, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының төрағасы Әли Бектаевты сөзге тартып, жаңа реформа туралы сұраған едік.



ӘЛИ БЕКТАЕВ:

КООПЕРАЦИЯ ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН

— Әли Әбдікәрімұлы, аграрлық саланың жаңадан тізгінін алған Өмірзақ Шөкеев ауыл шаруашылығы министрлігінің алқа мәжілісінде субсидияны азайту, шетелден асыл тұқымды мал әкелетін шаруашылықты қолдау, кооперативтерді тексеру мәселесін қозғады. Бұл дұрыс бастама ма, әлде бұрынғы министрдің жұмысын жоққа шығару ма? Асқар Мырзахметовтың тұсында сырттан мал әкелінбей, керісінше, елдегі ұсақ шаруашылықтар кооперацияға бірігіп еді ғой?

— Мен министрлер туралы, жеке басына байланысты ештеңе айта алмаймын. Ал салаға серпіп беретін, заңды, жүйелі бастама болса, дұрысын дұрыс деп айту керек. Бірақ сұрағыңыздың жаны бар. Реформаны көбейтудің қажеті жоқ. Министр ауысқан сайын қабылданатын өзгеріс шаруаларға, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кері әсерін тигізбеу тиіс. Сондықтан, субсидиялауды, қаржыландыруды қайта қараған кезде осындай мәселелер ескеріліп, жан-жақты ойластырылғаны жөн. Ал кооперацияларды тексеруге қатысты Ө.Шөкеевтің көтерген мәселесі дұрыс. Себебі кезінде статистика үшін, есеп беру үшін кейбір өңірлерде формальды түрде, қағаз жүзінде құрылған кооперациялар бар. Олардың барлығын тексеру қажет.

— Министр субсидия бөлуде өнім сапасына мән беру қажеттігін алға тартып отыр. Мұнымен келісесіз бе?

— Бұл — біраз жылдан бері айтылып жүрген түйткілді тақырып. Ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру — алда тұрған маңызды міндеттің бірі. Ол үшін дикандар тұқым сапасына мән беруі тиіс. Бізде көптеген шаруашылық үшінші, төртінші репродукциядағы ұрықты егеді. Одан сапалы бидай алу мүмкін емес. Негізінен, бірінші, екінші репродукциядағы тұқым себілуі қажет. Осы тұрғыда демеу қаржыны бөлуде өнім сапасына, шаруашылықтардың жауапкершілігіне қараған дұрыс. Сапалы бидай өсіріп отырғандарды неге қаржылай қолдамасқа?!

Жалғасы 4-бетте



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
64,44



DOLLAR
322,55



EURO
398,41

АЛТЫН (ун.)
1356,90



ФИБРАТ

КӨҢІЛ КӨГІНДЕГІ ҚАЛАМҒЕР

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ:

«Мен қалам ұстағалы 60 жылдай уақыт болды. Осы жылдардың жартысын Қазақстан Жазушылары одағының шаңырағында өткіздім. «Қазақ әдебиеті» газетінің



редакциясында қызмет істедім. Әдеби қордың директоры болдым. Кейіннен 1996 жылы 60 жасқа талып, зейнетке шықтым.

Ойлана келе жылдар бойы аралас-құралас, пікірлес, сапарлас болған, арамыздан кетіп қалған үлкенді-кішілі қаламгерлерді еске алып, солар жайында азды-көпті естелік жазуды жөн көрдім. Содан 75 жазушының өмірі, қызметі, арамыздағы қарым-қатынас туралы біраз дүниені қағазға түсірдім. Бұған қоса, 20 шақты мүсінші, суретші, әнші, композитор туралы қалам тербедім».

(Толығырақ 11-бетте)

ӨЗ КӨЗІМЕН

БҮЙРЕГІМ БҮЛК ЕТЕ ТҮСТІ

Болатбек Баймаханов маған бұрылып:

«Жүрегің шыдай ма?» деп күлді. «Шыдайтын шығар» дедім мен де. Бөкеңнің қолы епті, жылдам екен. Қас пен көздің арасында жігіттің бүйрегіне кірді де кетті. Бәрін экраннан көріп тұрмыз.



(Толығырақ 8-бетте)



(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Жуырда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі жиын мен Каспий маңы мемлекеттері басшыларының саммиті өтеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановты қабылдап, келелі кеңеске дайындықтың мән-жайын сұрап білді.

Мемлекет басшысы аталған алқалы жиындарды ұйымдастыру жұмысына баса көңіл бөлу керектігін атап өтті. Өз кезегінде Қайрат Әбдірахманов алдағы уақытта атқарылатын мақсат-міндеттерді баяндады. Сондай-ақ Қазақстан Президенті таяуда үкіметтің

өтеді. Соларды жоғары деңгейде ұйымдастыру бүгінде басты міндет болып тұр. Ал Каспий маңы мемлекеттері саммитінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны қабылдау мәселесі қаралмақ. Ол – Қазақстан,

сыртқы істер министрлерінің кеңесінде осы конвенцияның алдын ала мәтінін келісіп алғанбыз. Қазір техникалық жағы қолға алынды. Атап айтқанда, мәтінді әр ел өзінің мемлекеттік тіліне мағынасын бірдей етіп аударуы керек», – делі.



Қазіргі уақытта мемлекетшілік рәсімдер аяқталуға жақын. Содан кейін Саммиттің нақты қай уақытта болатыны жарияланады. Бірақ ол бірнеше айға созылуы мүмкін.

Бұдан бұрын «Каспий бестігіне» кіретін елдердің сыртқы істер министрлері Мәскеуде кездесіп, теңізге құқықтық мәртебе беру мәселесін талқылаған еді.

(Өз тілшіміз)

КАСПИЙДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚҰЖАТПЕН ҚОРҒАЛАДЫ

кеңейтілген отырысында берілген тапсырмалар сыртқы істер министрлігіне тікелей қатысы бар екенін алға тартты. Министрдің айтуынша, биыл біздің елімізде және алыс-жақын мемлекеттерде бірқатар халықаралық шара

Әзірбайжан, Ресей, Түрікменстан, Иран арасындағы бесжақты құжат.

Қ.Әбдірахманов Парламент Сенатының отырысынан кейінгі тілшілерге берген сұхбатында «Өткен жылдың желтоқсанында Мәскеуде өткен

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

70

млн теңге. Алматылықтар көлігіне VIP нөмір алу үшін жұмсаған қаржы

226

Өткен жылы осынша отандасымыз жемқорды ұстап бергені үшін 31 миллион теңге көлемінде сыйақы алған

2

млн теңге. Ақтөбе-Атырау жолында бетперде киген қарақшылар жолаушының ақшасын тартып алды

7 сөз

Астанадағы көп қабатты үйге жылу қосылмағанына – 22 жыл

Аптаның алаңы

Динар НУКЕТАЕВА,
Сенат депутаты:

– Бүгінде «Қасиетті ұстаз» деген мәртебелі мамандықтың құнсызданғаны өкінішті-ақ. Мұғалім қауқарсыз, құқығы тапталған адамға айналды. Ата-аналардың тарапынан ұстазға деген сенімсіздік күннен-күнге үдемесе, бәсеңдеген жоқ. Өйткені диктофон, фотоаппарат, ұялы телефон қолдану арқылы оқушылар мұғалімнің беделін түсіріп жатыр. Мемлекеттік мекемеде бейнекамерасы бар және интернетке қосылған телефонды пайдалануға тыйым салынған. Мектептердің де мемлекеттік мекеме екенін ескеріп, оқушыларға, ата-анаға, мұғалімге оқу процесі кезінде интернет пен бейнекамерасы бар құрылғыны пайдалануға шектеу қою керек.



Тосқауыл

Қазір жалған ақша жасау оңай. Тіпті суретті айнымайтын, шытырлаған көк қағаздарды көргенде, шын ақшадан ажырата алмайсыз. Содан болар, ақша санаған саудагерлер күректтей 10 мың теңгелікті ғана емес, алақандай 500 теңгені де аударып-төңкеріп қарап жатады. Ақшаның шын-жалған екенін айыратын, олардың өзіндік айла-тәсілі бар. Күнге қаратып көлегейлеп, әлдебір белгі іздейді.

ЖАЛҒАН АҚША ПҰЛ БОЛМАС



Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің мамандары қылмыскерлердің жалған ақшаны қалай жасайтынын айтып берді. Профилактикалық жұмыс және бақылау басқармасы басшысының орынбасары міндетін атқарушы Ерден Жұманың айтуынша, жалған ақшада арнайы қорғаныс элементтері болады. Алайда оның қолдан жасалғанын бірден анықтау қиын. Су таңбасы болса, дұрыс ақша деп ойлаймыз. 10 мың теңгелік кейбір купюраның арнайы белгісі бар. Ішінде «су таңбасы» бар, бірақ анық емес. Ондай ақшаның жалған екенін анықтау қиын, әрине.

Қылмыскерлер жалған ақшаны жасаудың сан алуан әдіс-тәсілін пайдаланады. Мысалы, жалған купюраны толығымен принтерден шығаруы мүмкін. Болмаса, жартылай кеседі де, бір купюра жасайды. Сонда бір жартысы – дұрыс ақша, екіншісі қолдан жасалған. Екеуінің арасын әдемілеп тұрып жапсырып, дұрыс жағымен ұстатады. Қолға ұстағанда жалған ақша екенін білінбейді. Кей кезде ондай ақша телефон және тағы басқа қызметтерді төлегенде терминалдан да өтіп кетеді.

Жарас ШӨКЕ

Шамғали ХАМИЕВ, Маңғыстау облыстық ветеринария басқармасының басшысы:

– «Жармыш ауылдық округінде 40 түйе өлді» деген сыбыс шықты. Ол жерде ондай мәлімет ресми тіркелген жоқ. Жалғыз Жармыш емес, аудандағы бүкіл ауылдар бойынша екі айдың ішінде 10 түйенің өлексесі табылды. Содан екі түйеден құтыру қоздырғышы анықталды. Құтыру кеселі туралы қорытынды берілген екі шаруашылыққа шектеу шарасы енгізілді. Құтыру карантин жарияланатын аурудың түріне кірмейді. Тек шектеу шаралары енгізіледі.



– Кешеден бері бұқаралық ақпарат құралдары Маңғыстаудың Жармыш ауылында Ойсылқара түлігі жаппай қырылып жатыр деген ақпар таратты. Бұл қаншалықты рас?

Сауалы

Жауабы

Әлеумет.т⁰

Инновациялық технологияға кеткен есіл ақша. Өткен жылғы жұмысына есеп берген инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек саладағы бірқатар кемшілікті мойындады. Президенттің сынынан кейін білек сыбанып іске кіріскен министр, арнайы экономикалық аймақтар бойынша сараптама жүргізді. Қазір 11 арнайы экономикалық аймақ пен 22 индустриялық аймақ жұмыс істеп тұр. 800 млрд теңге шығындылып, 165 жоба іске қосылған. Бар-жоғы 13 мың

шетел инвестициясы тартылған. Ал Қазақстан тіпті мұндай көрсеткішке жақындаған да жоқ.

Ал «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қалай жүзеге асырылады? «Астанада еліміздің тарихында болмаған, талапты жастарды қолдауға арналған шара басталды» деп жар салды ұйымдастырушылар. Бірақ онда таңқалдырарлық дүние кезіктіре алмадық. Мектеп оқушысы Ратбек Шәмшітовтің жобасы ғана айтуға тұрарлық. Ол сыныптасымен бірге

ЫСҚЫРЫҒЫ ЖЕР ЖАРАДЫ

жұмыс орны ашылыпты. Бұл «Біз күткен нәтиже емес» дейді Жеңіс Қасымбек. Оның сөзінше, арнайы экономикалық аймақтар туралы заң жобасы әзірленіп жатқан көрінеді.

Осыған дейін Мәжіліс депутаты Аманжан Жамалов та осы салаға бөлінген қыруар қаржының ретсіз жұмсалып жатқанын айтып қынжылды. Мәселен, Alatau инновациялық технологиялар паркінің бой көтеруіне бюджеттің 20 млрд теңгесі кетіпті. Алайда ол құрылым өзін-өзі ақтамады. Ал жас стартапшыларды қолдау үшін өткен жылы 3,7 миллиард теңгеге грант бөлінген. Бірақ одан шыққан нәтижені зерделеген депутат Аманжан Жамалов, шыққан шығын бар да, пайда мүлде жоқ екенін айтады.

А.Жамалов депутаттық сауалында «2011 жылы құрылған Ұлттық технологиялық даму агенттігіне 11,5 миллиард теңгенің 316 инновациялық гранты бөлінген. Бірақ одан еш нәтиже байқалмайды. Осыған қарамастан, өткен жылы 3,7 млрд теңге тағы бөлініп отыр», – дейді.

Бұл салаға құйылған миллиардтардың ақталмағанына тағы бір мысал – Алматыдағы Alatau инновациялық технологиялар паркі. Мәжіліс депутатының сөзінше, құрылысына 20 млрд теңге кеткен жоба дәл осындай қағидамен жұмыс істейтін Беларусьтегі жоғары технологиялар паркінің қасында түкке тұрмайды. Ол бағдарламалық өнімдер мен IT-қызметтерінің жаһандық экспортшысына айналып, өткен жылы 1 млрд доллар кіріс әкелген. 100 млн долларға жуық тікелей

аутизмге шалдыққан балаларға арналған мобильді қосымша ойлап тапқан. Бағдарламаға ағзадағы түрлі бұлшық еттерді дамытатын спорт жаттығулары жүктеліпті. Жасөспірімдер медицина орталығына бармай-ақ, осы жаттығуды үйде орындай алады. Ратбек Шәмшітов «Қазір біздің Қазақстанда аутизмге шалдыққан 50 мың бала бар. Оларға қарап осындай бағдарлама жасау туралы ой келді. Біздің қосымшаның ең жақсы жері – үйде жасатамыз. Біз қосымшаны 5 ай жасадық. Қазір тағы жетілдіріп жатырмыз. IOS-қа (мобильдік операциялық жүйе) кіргіземіз. Қазір тек Android-та бар», – деп түсіндірді.

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, қазір өнертапқыштарға күмәнмен қарап, мұрын шүйіретін заман емес. Көштен қалмас үшін ведомство алдында талапты жастарға жағдай жасап, инновациялық бағдарламаларды жүзеге асыруға қолдау көрсету мақсаты тұр.

Жобаға қатысуға 151 адам өтініш білдірген. Жастар осы алаңда 3 ай бойы тегін білім алады. Ал дайын IT өнімді жарнамалап, тұтынушылармен кездесемін дегендерге барлық мүмкіндік қарастырылған. Тіпті инноваторларға салық жеңілдігі пен тегін бастапна беру де жоспарда бар. Бірақ олардан күтетін үміт көп. 2025 жылға дейін IT компанияларды капиталдандыру көлемін 1 миллиард долларға дейін жеткізу керек.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана қаласы

Қызықтан қызықтары

«АПА, ТЕҢГЕ АУЫСАТЫН БОЛДЫ»



«Адамнан айла аспайды» деуші еді бұрынғылар. Сол сөздің өңін айналдырып «алаяқтан айла аспайды» деген дұрыс сияқты. Қазір жеңіл жолмен ақша тауып, бір-ақ сөтте бай болғысы келетін пысықтар көп. Жақында құлығына құрық бойламайтын, қиялы шексіз алаяқтардың жолы кесілді.

Ақтөбе облысының Байғанин ауданы мен Павлодардың Ертіс ауданында зейнеткерлерді тақырға отырғызып, ақшасын алған сумақайлардың жымсысқы әрекеті әшкереленді. Олар өздерін әлеуметтік қызметкер ретінде таныстырыпты. Содан соң валютаның ауысатынын айтып, жана ақша шығатынын, теңгеден құтылуын қажет екенін желеу етіп зейнеткерлерді сендірген. Қарияларға күдік тудырмау үшін қаржыны тіркеп, оны конвертке салып, орнына қағаз ақша ұстатып кетіпті. «Қудың құйрығы бір тұтам». Алаяқтарға қатысты іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеу жүріп жатыр.

Екеудің әңгімесі

Ханкелді Әбжанов: Тәке, бүгінгі әңгімеміз отандық ғылым тұрғысында болмақ. Осы салада жарты ғасырға жуық жүрміз. Ыстығын да, суығын да бірге өткердік. «Жас қазақ» газетінің ұжымы екеумізді арнайы шақырып, отандық ғылымның бүгінгі ахуалы туралы ойымызды ортаға салуға мүмкіндік беріп отырғанына үлкен рахмет айтқым келеді. Ғылымды мен өзім былай түсінемін. Бұл салада үлкен есеппен келгенде бір ғана функция бар. Ал енді халықтың мүддесіне келгенде екі функция бар. Ғылымның ең басты функциясы — жаналық ашу. Жаналық ашылса, ол — ғылым. Ал екі функция дегенім сол жаналықтың игілігін халық көре ме, көрмей ме? Мәселе осында. Отандық ғылымның осы екі функцияны орындауда кішкене ақсаңдап тұрғаны рас. Бізде ғылым екі жолмен дамуда. Бірі мемлекет қаржысының есебінде. Ал екіншісі — жекелеген ғалымдардың немесе ғалымдар тобының өз еркімен үкіметтен қаржы алмай-ақ уақыттың, қаржысын шығындап ғылыммен айналысуда. Үкіметтен қаржы алып жұмыс істеп жатқандардың саны көп емес. Осыдан 4-5 жыл бұрын Елбасымыз жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 3 пайызына дейін ғылымға бөлінсін деп тапсырма берген еді. Бірақ түрлі себептермен қазір ғылымға бөлініп отырған қаржы ЖІӨ-нің 0,15 пайызы ғана. Осындай жағдайда ғалымдарымыздың ғылымнан қол үзбей жұмыс істеп жүргені ерлікпен пара-пар. Қаражат, айлық аз. Соған қарамай, ғылым жолындағы азаматтарымыз жаналық ашып жатыр. Халықаралық сыйлықтарға қол жеткізуде. Өзге елдер де біздің ғылымды мойындап отыр. Менің ойымша, ғылымдағы бүгінгі ахуал осындай. Сіз қалай ойлайсыз?

Талас Омарбеков: Көрініс жатқан елдерге қарағанда, біздің мемлекет ғылымға айтарлықтай көңіл бөліп отыр. Оны Түркияға барғанда да байқадық. Ол жақта ғылымды қаржыландыру жағы онша мәз емес. Әсіресе, біздің сала, яғни тарих ғылымы онша дамымаған.

Ханкелді Әбжанов: Кенжелеп қалған ба?

Талас Омарбеков: Кенжелеп қалған. Олар Ежелгі түркі халықтары, Орхон бойындағы Ұлы түрік қағанаты, Шығыс

«Ғылым үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек». Кезінде шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр Әл Фараби осылай деген екен. Бұл бүгін де орындалуы тиіс қағида. Алайда ақша жүрген жерде талас бар. Ғылымда да солай. Бүгінде ғалымдарымыз ғылыми жобасын мемлекет тарапынан қаржыландыру үшін байқауға қатысуы керек. Қатысып та жатыр. Бірақ кейбір ғалымдарымыздың оған көңілі толмайды. Осы мәселені кеңінен талқылау үшін «Жас қазақ» газетінің редакциясына тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков пен Ханкелді Әбжановты шақырып, ой-пікірін білдік.

сөзіңізден осындай ой туып отыр. Бірінші топ өзіңіз айтқандай, талантты ғалымдар. Олар жаңалық ашады, жаңа тұжырымға келеді. Екіншілердің ондай таланты жоқ. Бірақ сол ашылған жаналықты насихаттап, үгіттеп, жұртқа жеткізеді. Мен оларды насихатшы деп атаймын. Үшіншісі — сумақайлар. Анадан ұрлайды, мынадан ұрлайды. Оны өзінің атынан жариялайды. Бірақ ғылыми атақ-дәрежені алып алады. Енді талантты адамдарды қолдау



Талас ОМАРБЕКОВ:

Мемлекет ғылымға қаржыны аямай бөліп отыр. Оған көңіліміз толады. Алайда сол ғылыми жобаны жүргізіп отырған талантты ғалым мен соның маңайында жобаға атсалысып жүргендердің жалақысы бірдей болуы ақылғы сыймайды.

түрік қағанаты, Орта ғасырдың тарихын байланыстырып айтуға келгенде білімі жетпейді. Археологияға да аса құлшыныс танытпайды. Себебі қазып қалса, Византияның заттары шығады.

Ханкелді Әбжанов: Енді ол өздерінің тарихы емес қой. **Талас Омарбеков:** Мен олардан үлкен үміт күткенмін. Түркі халықтары туралы бірігіп тарих жазамыз деп ойлаған едім. Өзімізге жақын, туысқан халықтарда ғылымның кей саласына арта қалып келе жатқанын байқап отырмыз. Оған қарағанда отандық ғылымның жағдайы әлдеқайда жақсы. Мемлекет ғылымды қаржыландыру керек екенін түсінеді. Елбасымыз үнемі айтып отырады. Министрлік тарапынан грант бөлінуде. Бірақ өзін айтып отырғандай, ғылымға нарық көзімен қарайтындар бар. Мемлекеттің бөлген ақшасын пайдаланғысы келеді.

Ханкелді Әбжанов: Өзінің жеке басына ма? **Талас Омарбеков:** Жеке мүддесіне. Жаңа бір айтқанымын келісемін. Өзінің ынтасымен, өзінің саласына қызығушылық танытқан маман ретінде, талантты ғалым ретінде ғылымды дамытып жатқандар бар. Солардың арқасында елімізде ғылым бар деп айта аламыз. Дегенмен мемлекеттік қаржыландыруда қайшылық бар. Мемлекеттің грантты алайық. Мәселен, мен екі-ак жобаға қатыса аламын.

Ханкелді Әбжанов: Сонда шектеу болып тұр ғой. **Талас Омарбеков:** Иә. Ал менің мүмкіндігім 4-5 жобаға қатысуға жетеді. Өйткені ежелгі дәуір тарихын да, орта ғасыр тарихын да зерттедім. Жалпы бірнеше жобаға қатыса аламын. Жинаған дерегім жеткілікті. Білім және ғылым министрлігінің талабы бойынша екі жобаға ғана қатысуым керек.

Ханкелді Әбжанов: Иә, солай. **Талас Омарбеков:** Бір жобаға ғылыми жетекші ретінде. **Ханкелді Әбжанов:** Біреуіне атқарушы болып. **Талас Омарбеков:** Осынша еңбегіме, атағыма қарамастан, Омарбеков бір ғана ғылыми жобаға жетекші бола алады. Екіншісінде тек зерттеуші ретінде қатысамын. Сол екі жобаның әрқайсысына 70-80 мың теңгеден бөлінеді. Сонда мемлекет тарапынан қаржыландыратын жобаға бар-жоғы айына 130-140 мың теңгедей аламыз. Одан артық ақша алмайсың. Билікте ғылымға жаны ашитын азаматтар аз емес. Дегенмен ғылымда осындай шектеулер бар. Бір ғана ғылыми жобаға жетекші болып, бір жобаға зерттеуші ретінде қатысасың. Бұл түсініксіздеу жой. Екінші бір үлкен қайшылық мынадай. Мемлекет ғылымға қаржыны аямай бөліп отыр. Оған көңіліміз толады. Алайда сол ғылыми жобаны жүргізіп отырған талантты ғалым мен соның маңайында жобаға атсалысып жүргендердің жалақысы бірдей болуы ақылғы сыймайды.

Ханкелді Әбжанов: Сонда қалай? **Талас Омарбеков:** Бұл салаға жаңадан не кездейсоқ келгендер бізбен бірдей екі жобаға қатыса алады. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессорларымыз солармен тең деңгейде конкурстка қатысады. Бес саусақ бірдей ме?

Ханкелді Әбжанов: Бірдей емес. **Талас Омарбеков:** Мен осыны түсінбеймін. Ғылымды қаржыландыру туралы мемлекеттің саясатын қолдаймын. Алайда биліктегі кейбір шенділердің осы бір тиімсіз жүйені ретке келтіре алмайтынына таным бар.

Ханкелді Әбжанов: Тәке, мен сіздің сөзіңізді жалғастырайын. Мәселен, өзіміздің тарих саласын, тарихшы ғалымдарды үш топқа бөлемін. Сіздің айтқан

мәселесіне келейік. Менің ойымша, бұл салаға қаражат бөлгенде ғылым комитеті талантты ғалымдарға арнайы тапсырма беріп, ақшасын беріп, нәтиже алуға тырысу керек. Оларды конкурстка қатыстырып, қаптаған құжатты жинатпай-ақ қойса болады ғой. Айталық, профессор Талас Омарбековке, академик Мәмбет Койгелдиевке, профессор Ханкелді Әбжановқа нақты тақырып беріп, қаржысын айқындап тапсырма берсе. Сіз бен біз оны мұншадай етіп орындайтын едік.

Талас Омарбеков: Әрине. **Ханкелді Әбжанов:** Бұл ғылымға да, заңға да қайшы келмес еді. Қазір бөріне бірдей конкурсу өтіп жатыр. Өтсін. Бірақ соның арты үлкен дауға айналуда. Ғалымдар әрдайым «дұрыс болмады, әділетсіздік орын алды» деп жатады. Өткен аптада сол конкурстка қатысты мәжіліс депутаты Меруерт Қазыбекова депутаттық сауал жолдады. «Жас қазақ» газетінде «Бөлінген ақшаны «бөрі» жейді» деген тақырыпта шығыпты. Сіздің айтып отырған қайшылығыңыздың осындай екінші көрінісі бар деп ойлаймын.

Талас Омарбеков: Тағы мынадай қайшылық бар. Талантты ғалымдар деп отырмыз ғой. Оларды үш топқа, бес топқа оның ішінде тағыда бөле беруге болады.

Ханкелді Әбжанов: Болады. Шартты дүние ғой. **Талас Омарбеков:** Біздің кейбір шенеуніктеріміз — ғылым докторы. Олар Ресейге барып қорғап келген. Бірақ солардың ғылымға бір алып-қосары жоқ. Тіпті отандық ғылымның дамуына көмектесіп жатқаны шамалы. Жаңағының ішіне осындай бір топты қосса болады. Оларды «сумақай» деп айта алмайсың. Қолында билік бар. «Ғылым докторы, профессор» деген атақты алып алған.

Ханкелді Әбжанов: Бәрі бар. **Талас Омарбеков:** Өмір бойы бірде-бір ғылыми институтта, университетте жұмыс істемеген. Оларға жалпы ғылыми атактың не үшін керек екенін әлі күнге түсінбеймін.

Ханкелді Әбжанов: (күледі) **Талас Омарбеков:** Бүгінде жеке өзі монография жазып жүрген ғалымдарымыз бар. Бірақ олардың жұмысына назар аударып жатқандарды байқамаймыз. Білім және ғылым министрлігі осындай азаматтардың еңбегін елеп, ерекше жазылған монографияға арнайы конкурсу жарияласа, құба-құп іс болар еді. Ғалым еңбегінің ақысын алады.

Ханкелді Әбжанов: Бізде кітап шығару ісі мәдениет және спорт министрлігінде, ғылыми жобаларды орындау мәселесі білім және ғылым министрлігінің еншісінде.



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Екеуі екі айырылып кеткен. Сол себепті осындай түсінбестік болады.

Талас Омарбеков: Менінше, бұл билікте отырған азаматтарымыздың ғалымдармен байланысының әлсіздігін көрсетеді. Әлі күнге дейін талантты ғалымдарымызды көпшіліктің арасынан ерекшелі алмаймыз. Кеше ғылымға келгендермен теңестіріп қойдық.

Ханкелді Әбжанов: Тәкесі, бұл енді объективті шаруа. Менің министрліктегі ғылым комитетімен азды-көпті байланысым болды. Сонда байқағандым, бұл ғылым комитетінде бұрын біз білетіндей, Ғылым академиясындағыдай керемет ғалымдар, ғұламалар отырған жоқ. Мұнда қаптаған шенеуніктер. Жап-жас жігіттер, қыздар жүр. Олар ғылымның кешегісі, бүгінгісі, ертеңгісі дегенге бойлап ене алмайды. Олардың аңа қағазды толтыру, мына қағазға жауап берумен уақыты өтеді.

Талас Омарбеков: Жәй атқарушылар ғой.

ҒЫЛЫМДА БҮРКІТ АЗ,

ШЫМШЫҚ КӨП

Ханкелді Әбжанов: Ғылымға басқарушы да, ғылымды ұйымдастырушы да, ғылымды жасайтын ғалымдар да керек. Олар жоқ. Оның орнына атқарушыларға маңызды жұмысты жүктеп қойды. Мұндай жағдайда мемлекеттің ғылым саласындағы саясаты бір керемет нәтижемен көмкеріледі деп айта алмайсың. Соның бір көрінісі биыл ұйымдастырылған конкурстың нәтижесі. Үлкен дау-дамай болып жатыр. Мәжіліс депутаты М.Қазыбекова біраз мәселені көтерген. Бұл дау-дамай қайдан шықты? Ол мәселе конкурсты ұйымдастырғанда ашықтық болмауында, жариялылықтың жоқтығынан туындап отыр. Айталық, байқауға ғалым жобасын ұсынады. Бірақ оны автор ғана біледі. «Осындай тақырыпта, мынадай профессордың жетекшілігімен ғылыми жоба ұсынылды» деген бірде-бір ақпарат шыққан жоқ.

Талас Омарбеков: Жок. Бәрі жабық түрде өтеді.

Ханкелді Әбжанов: Мен сіздің және басқа да әріптестеріміздің қандай жоба бергенінен хабарым жоқ болса, ғылыми ахуалды қайдан түсінемін? Сосын қорытындысын шығарды. Бірақ онда әр жобаның қанша балл алғаны тағы жарияланбайды. Оны өркімге жеке-жеке жіберді. Жариялылық болмаған жерде, әрине, төмен балл алған жобалар өтіп кетеді. Жоғары балл алғандар тасқа қалады. Біздің бір қарындасымыз 30-ға жуық балл жинады. Ол өтпейді. Ал одан ұпайы төмен біреудің жобасы өтіп кетті.

Талас Омарбеков: Әлдеқайда төмен.

Ханкелді Әбжанов: Иә. Аты-жөнінде білемін. Бірақ айтқым келмейді. Себебі әңгімесі көбейіп кетеді. Жариялылық болмаған жерде осындай берекесіздік орын алады. Жобаға қатысқан күннен бастап, құжаттарды жариялап отырсын. Оны жұрт оқысын.

Талас Омарбеков: Кері байланыс жоқ. Авторға не үшін жобасы өтпей қалғанын түсіндірмейді. Осыдан кейін келесі жолы өтетін байқауға қатысуға зауқын болмай қалады.

Ханкелді Әбжанов: Әрине.

Талас Омарбеков: Мынау біздің Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі тарих факультеті 21 жоба ұсынды. Соның тоғызы өтті.

Ханкелді Әбжанов: Ол жаман емес.

Талас Омарбеков: Жобасы өтпей қалған профессорларға не үшін өтпей қалғанын ешкім түсіндірген жоқ. Келесі жылы оларға қатыс деп айтсаң, қолын бір сілтейді. Арада диалог жоқ. Ғалым бар уақытын сол жобаға жұмсады. Ол кішкене уақыт бөліп, неге жауап бермексе. Кемшілігін айт. Келесі жолы сол қателікті жібермейтін болады. Ғылым сонша құпия ұстайтын нәрсе емес. Ол халыққа, мемлекетке қызмет ететін сала. Елбасы әрдайым айтуын айтады. «Рухани жаңғыру» деген бағдарламаны қабылдады.

Ханкелді Әбжанов: Қандай мықты бастама. Орындауға келгенде не істелді? Билықтырдық. Болмайтын іс-шараларды бағдарлама аясына кіргіздік. Оны өткен жолы мемлекет басшысы үкіметтің кеңейтілген отырысында да айтты. Сол «Рухани жаңғыру»

бағдарламасы аясында шетелдік 100 оқулықты аудару тапсырылды. Өте дұрыс. Бүгінде шенділеріміз сонымен айналысып жатыр-ау.

Ханкелді Әбжанов: 71-сі шықты деді. Мен өзім көрген жоқпын.

Талас Омарбеков: Біздің де жақсы оқулықтарымыз бар. Кейбір салаға қатысты шетелдіктер оқулық жаза алмайды. Мәселен, Қазақстан тарихын алайық.

Ханкелді Әбжанов: Жаза алмайды.

Талас Омарбеков: Қазақстан тарихынан төрт кітаптан тұратын оқулық шығардық. Соны шетелдіктер жазып бере ала ма?

Ханкелді Әбжанов: Жартысын да жазып бере алмайды. **Талас Омарбеков:** 100 оқулықты шетелден аударсақ.

Елбасы айтып, жол ашып отыр. Енді өзіміздің 100 оқулықты ағылшын тіліне неге аудармасқа? Қазақты танытатын, салт-дәстүрін, мәдениетін көрсететін еңбектерді ағылшын тіліне аударуды неге қолға алмаймыз? Әлде осыны Елбасы тағы айту керек пе? Өзіміздікін де аударайық деп неге ұсыныс айтпаймыз? Ғылыми жұмыстарымыздың бар екенін шетелге көрсетудің бір жолы емес пе?

Ханкелді Әбжанов: Дұрыс айтасыз. Аудару керек. Осы жолы қаржыландыруға берілген жобалардың тақырыптарын қарап шықтық. Соның ішінде бұрын диссертация ретінде қорғалған, бұрын монография ретінде жарық көрген тақырыптар жүр. Кезінде олар қаржыландырылды. Аспирантурада оқыды. Стипендиясын алды. Ғылыми жетекшісі де тиісті қаражатын алды. Оны неге қайта қаржыландырып отырмыз? Осындай «тамашаны» көрдім. Демек шет тіліне аударылатын жобаларымыз ғылыми жаңалық ретінде әбден сынақтан өткен болуы тиіс.

Талас Омарбеков: Тандаулысын ғана аудару керек.

Қазақстанды танытатынын.

Ханкелді Әбжанов: Әрине. Бұрынғы шыққан дүниені қайта қаржыландырып отырсақ, соған ақша шығарсақ, біздің ғылымның көсегесі көгермейді.

Талас Омарбеков: Жаңа сіздің айтып отырғаныңыз аса таңғалатын дүние емес. Ғылымда әлі күнге кеңес заманынан қалған ауру бар. Докторлық диссертация қорғайды. Сол диссертацияны өмір бойы азық қылады. Тақырыбы 5-6 жылға ғана арналады. Докторлық бар болғаны 10 жылға жарайды. Сол тақырыпты айландыра береді. Ғылыми жобаға да соны ұсынады. Келесі байқауға қайта ұсынады. Өзіне кішігірім қоршау тұрғызып, алаң жасап алған. Соның аясынан шықпайды.

Ханкелді Әбжанов: Оның «ғажабы» бір тақырыпты мың құбылатынында ғой. Айналып келгенде, бір ғана тақырып. Біресе тымағын, біресе жағысын көрсетеді.

Талас Омарбеков: «Неге басқа тақырып алмайсың?» деп сұрасаң ренжиді. «Мен осы тақырыптың маманымын» деп шығады.

Ханкелді Әбжанов: 20 жыл бойы соның майын ішіп келе жатыр.

Талас Омарбеков: Маман деген сөзді докторлық диссертациясына байлап алған.

Ханкелді Әбжанов: Солай.

Ханкелді ӘБЖАНОВ:

Осы жолы қаржыландыруға берілген жобалардың тақырыптарын қарап шықтым. Соның ішінде бұрын диссертация ретінде қорғалған, бұрын монография ретінде жарық көрген тақырыптар жүр. Кезінде олар қаржыландырылды. Аспирантурада оқыды. Стипендиясын алды. Ғылыми жетекшісі де тиісті қаражатын алды. Оны неге қайта қаржыландырып отырмыз? Осындай «тамашаны» көрдім.

кетеді. Шымшықтар жазық жерден шықпайды. Әуежай басшылары «не істесек екен?» деп бас қатырады. Содан бір ақылды адам айтыпты. Ғалым болу керек. «Ой, мұның жарасы жеңіл. Мынау айналыны қоршап тұрған тауларға бір екі бүркітті жерсіндіріңдер. Тамағын беріп тауға мекен етуіне жағдай жасаңдар» деп кеңес беріпті. Содан шымшықтарын өздері-ақ кетеді.

Ханкелді Әбжанов: Бір көргеннен-ақ өздері қашады ғой. **Талас Омарбеков:** Иә. Бүркіт бір екі рет айналып ұшқанынан кейін шымшықтарын бесін кетіпті. Содан Мұхтар мынадай қорытынды жасайды. «Бүркітін сыйламағандар, шымшыққа күлкі болады» деп. Бағанадан бері айтып отырғанымыздың мағынасы осы. Ғылымда шымшық көбейіп кетті.

Ханкелді Әбжанов: Біздің ғылым туралы занның философиясы былай: ғылымның тағдырын ғалымдардың өзі шешсін. Жақсы философия. Бірақ жаңағы біздің ғалымдарымыздың ішінде шымшығы да, сумақайы да жүр. Ғылымға рен кіргізетіндер ғығысып қалып жатыр.

Талас Омарбеков: Шымшықтың ғылыми жобасы өтіп кетіп жатыр. Бүркіттік өтпей қалады.

Ханкелді Әбжанов: Өйткені бүркіт аз, шымшық көп. Қашанда солай. Таланттар аз болады да, талантсыздар көп. Сол себепті ғалымның мәселесін ғылымдар шешсін деген философияның бер жағы әлдемі көрінгенмен, нақты іске келгенде өзін ақтай бермейді.

Жазып алған Елдос ӘМІРЗАҚҰЛЫ

Жолсапар

Адам ығы-жығы. Дені жастар. Немересін ерткен қарттар да кездеседі. «Үнемі осылай көп пе?» деп сұралдым Жанаттан. Оның айтуынша, американ визасына өтініш жасайтындардың қарасы қашанда мол. Америкаға барам деген арманы орындалмай, жылап шығатындар да жетерлік. Соңғы кездері Шымкент пен Жамбылдан келіп, туристік виза алғысы келетіндердің қарасы көбейіпті. «Не білім жок, не тіл білмейсің ғой. Онда барып не істейсің?» деп сұраған. «Барып такси айдаймын.

Жанат виза алуға көмектесетін фирмада істейді. Талайлардың шетелге баруына қолқабыс жасаған. Шаруасына тиянақты, қағазға ұқыпты. Жуырда мұхиттың ар жағына жол түскенде соған жүгіндік. Құжатты таңғы сегіз жарымда тапсыратын болдық. Межелі уақытта Шөкең (Шәмшидин Пәтеев, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры) мен Дәурен (Д.Қуат, Abai.kz порталының Бас редакторы) үшеуіміз АҚШ Бас консулдығы орналасқан ғимараттың алдына жиналды. Біздің топтағы Нұрекең (Нұртіре Жүсіп, «Айқын» газетінің Бас редакторы) біз сияқты кезек күтпейді. Ол өткен жылдың соңында Нью-Йоркке барып қайтқан. Біз сияқты 5 жылдық виза дәмәтпейді. 10 жылға бір-ақ алып қойған. Өзі айтпақшы, «Бұлақтың басынан» талай нәрсені көріп келген.

қарсы бетке жетіп қалыпты. Жол шетіне жантайған қайыршының қасына барды да, іле-шала кері қайтты. Ақша жинайтын құтыға ештеңе тастамады. «Не болды?» дедік жарыса. «Қайыршыға жаным ашып барып едім. Сөйтсем, қолында «крутой» телефон. Ондай «сотканы» бірінші рет көріп тұрмын. Ее, сенің жағдайың жақсы екен ғой» деп ештеңе бермей кеттім» деді күліп.

ДӘУ АЛМА ҚАЛАСЫНДА

Дәу алма (Нью-Йорк) қаласында ауданды «боро» деп атайды. Бес боро бар. Аумағы жағынан ең үлкені — Куинз. Ең кішкентайы — Манхэттен. Шағын деп қорашынбаныз. Әлемдегі аса ірі қаржы және бизнес орталығы. Алпауыттардың ақшасы айналып, кірісі еселене түсетін жер. 90 жылдай бұрын Американы астан-кестен еткен, жуанды жіңішкертіп, жіңішкенің

белін үзген тоқырау осы аралдағы биржада басталған. Арал демекші, голландтар оны байырғы тұрғындардан небәрі 60 гультенге (24 доллар) сатып алған деседі. Оның өзінде ақша емес, арзан әшекей моншақ, айна-тарак берген көрінеді. Мына ескерткіш сол сауда-саттыққа арналған. Бүгінгі есеппен арал бағасы 50 млрд долларға жуықтайды деп естілік.

Атауына қатысты жорамал да аз емес. Солардың біріне жүгінсек, үнді тайпасының тілінде Манна-Хата, яғни «Мас болған жер» немесе «Бізді улаған мекен» деген мағына береді. 1524 жылы жағалауға алғаш аяқ басқан флоренциялық Ж. Вераццано жергілікті тұрғындармен тіл табысып, айырбас сауданы қыздырады. Үндістерден кері құрлықта қаны жерге тамбайтын қымбат аң терісін алады. Оларға «отты суды» ұсынады. Сау адамды тентек ететін мұндай ішімдікті татып көрмеген аралдағылар көпке дейін ес жия алмайды. Ұрпағы бөлеге ұрынбасын деген шығар, бұл жерді «Бізді улаған мекен» деп атапты. Үндістердің трагедияға толы кейінгі тарихы көрсеткендей, отарлаушылар ержүрек, намысшыл халықты тұқыртып, жігерін құм қылу үшін тентек суды жойқын қару ретінде пайдаланды.

«Ақшан болса, қалтаңда, талтанда да талтанда» дейтін қазақтың қанатты сөзі осы қалаға қаратып айтылғандай. Бәрі жасыл



таккан әжейді де көре аласыз. Зейнеткер — осында баяғыдан тұратын бай әулеттің өкілі. Ондайларды кейде «ескі ақша» деп атайды екен.

Иә, мұнда ақша табуға мүмкіндік мол. Такси жүргізушісі болғысы келетін біздің жігіттер бекер айтпайды. Сағатына 15-тен 35 долларға дейін табуға болады. Бұған шай-пұллы қосыңыз. Мәшине жолда бұзылса, қайтемің?» деп аландамайсыз. Бізге енді келіп жатқан TOYOTA 60-тар көшеде такси көлігі болп жүр. Жұмысқа кіру үшін емтихан тапсырады. Шахарды бес саусағындай білуді керек. Ағылшын тілін менгеруі тиіс. ТМД аумағынан барғандар үшін ең басты қиындық — төртін пен ережеге бағыну. Біздегідей сықырлаған ескі көлігінің ішіне адам толтырып жүретіндерді мұнда кездестірмейсің.

Жолда жүру ережесін екі рет бұзып, айыппұл төлегендер лицензиямен қолдасалды. Көліктің ішінде темекі тарту, есікті ашып жерге түкіретіндерді қандай жаза күтіп тұрғанын көз алдыңызға елестете беріңіз. Бір қызығы, жерлестеріміз шетте жүргенде өзін әдепті ұстайды. Осыған орай, белгілі кинорежиссер Ермек Тұрсынов «Біздің азаматтар неге шетелде жүргенде түкірмейді?» деген сауал тастап, оған өзі жауап беріп еді. Бар мәселе — заңның орындалуында. Салықты аз төлеу үшін табысын жасыру, сатушының клиентке чек бермеуі, таразыдан жеу, мерзімі өтіп кеткен тауарды амалын тауып өткізіп жіберу, бензинге су қосып сату, тапсырысты дер кезінде орындамау секілді әккі амалдардың Америкада асуы неғайбыл. Міне, сондықтан мұхиттың ар жағына асыққандар заң мен талапқа бағынуы тиіс. Өйткені, «Бәлен жерде алтын бар, барса, бақыр да жоқ екен» деп тауы шағылып жатқандар да табылады.

Айта кеткен жөн, Америка бір күнде осылай бола қалған жоқ. Қайта әлгінде тізбелеген келенсіздіктер мен келте қулықтың көбі бізге Батыстан келгенін еске сала кетейік. Сенбесеніз, О'Генриді оқыңыз. Осы Нью-Йоркте дүниеден өткен жазушының кейіпкері емес пе еді, жапон шиесінің көшеті деп кәдімгі қарағаштың

шыбығын сататын? Немесе, «Әмианның түбіндегі ақшанды әкелсен, он еселеп қайтарамыз» дейтін «пирамида» деген пәленің қабырғасын қалағандар ше? Америка жүздеген жылдар бойы алаяқтармен алысты. Ақыры заңның үстемдігіне қол жеткізді. Кеңестік жүйенің менталитеті мен капитализмнің кесірілі құбылыстарынан біртіндеп арылып жатқан еліміздің ондай күнге жетеріне еш күмәніміз жоқ.



Америкаға барып, ақпарат құралдары туралы айтпай кеткен жөн болмас. Бұдан бұрынғы сапарымызда әлемге әйгілі «Нью-Йорк Таймс» газетінде болып, редакцияның жұмысымен танысқанбыз. Тілшілер құлаққаппен отырады екен. Телефонның дауысы өзгелерді мазаламас үшін осылай жасапты. Бұл жолы барудың сәті түспеді. Есесіне, «Егемен Қазақстан» газетінің Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі жігіттерді бастап, редакция басшыларымен жүзлесіп қайтты. Басылымдар арасында байланыс орнату жайын сөз етіпті. Сол «Нью-Йорк Таймсты» вокзал ғимаратындағы дүкенде көрдік. Бағасы 3 доллар деп тұр. Әдетте, дүкендегі тауардың құны нақты бағаны көрсетпейді. 5.99 десе, оған қосымша құн салығын қоса төлейсің. Газетке олай емес. Баспасөз қосымша салықтан босатылған екен ғой деп түйдік.

Байқауымызша, американдық БАҚ қазіргі билікті көп сынайды. Атақты «Тайм» журналының осы айдағы мұқабасы America Alone («Америка жалғыз қалды») деген жазумен шықты. Мұның себебін бір-екі ауыз сөзбен түсіндіру қиын. Жан-жақты талдауды қажет ететін күрделі тақырып. Оған реті келгенде тоқтала жатармыз.



Срайыл СМАЙЫЛ

ФОТОШОК



АҚШ-тағы
Флориданың
Паркленд
қаласындағы
мектепте
атыс болып,
17 адам қаза
тапты.
Күдікті
мектептің
бұрынғы
оқушысы болып
шықты.



6

ЖҚ

www.jasqazaq.kz

КӨКЕЙКЕСТІ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Иә, шынында да, Богатое селосының бір қолдың бес саусағындай ғана қалған тұрғындары тек өздеріне ғана сенеді. Мәселен, Тонковтардың отбасы қорадағы малымен күнелтуде. Сиыр, қой, құс ұстайды, картоп егеді. Картопты қанша ексең де, адыра қалған селода қолыңды қағатын ешкім жоқ, қауметін жетсе еге бер.

Көлік түрі — жалы жығылған, жатаған қарагер ат. Осы атпен Тонковтар отын-суын тасиды. Ауырып-сырқай қалса, Железное селосындағы медициналық мекемеге жеткізетін де мың болғыр қарагер ат. Ал такси жалдау қымбат. Олар үш-бес мың теңге сұрайды. Тонковтарға ол қайдан келсін. Бұларда қаражат жылына бір-ақ рет, малдарын сатқан кезде ғана болады. Міне, сол кезде тракторға қажетті жанармай, бір жылға жетіп қалатын тұзын, қантын, ұнын, әлдебір дәрі-дәрмектерді сатып алады. Сонымен тәмам. Егер отбасының

да қара қоныстарын қиып кеткісі келмейді. Мемлекет тарапынан беріліп жатқан көмекке жүгінгісі келгенімен, оның да қисынын таба алмай отыр. Осы селоның ең егде тұрғыны, 82 жастағы Раиса Тамбовцева дәмеленіп көрген екен. Бірақ мекенжайына байланысты анықтама ала алмаған. Өйткені ол Железное селосында тіркелген. Ал үйі — Богатое селосында. Богатое селосы елді мекен ретінде тізімнен шығарылып тасталған. Раиса Яковлевна болса, кешегі кеңес заманында етек-жеңі кең пішілген үлкен ауылда данғарадай мектеп пен аурухананың болғандығын айтып, ауызының суы құриды.

— Әкем соғысқа кеткен кезде сегіз бала қалып едік, — дейді Раиса Яковлевна, — біз не көрмедік, картоптың қабығын жеп те күнелттік қой. Қазіргі күніміз де сол кезбен қарайлас. Менің зейнетақым бар болғаны 43 мың теңге. Картада жоқ селода тұрып жатырмыз. Елес ауылдың ескерілмейтін тұрғыны болған соң ешбір көмек ала алмаймыз.



Богатое ауылының тұрғыны Наталья Поликова

бюджетін қолыңыздағы он саусағыңызды кезек-кезек бүгіп есептейтін болсаңыз да, Тонковтар отбасының мүшелеріне бір айлық күнкөрісі үш мың теңгеден айналар еді. Бұл дегеніңіз ең төменгі күнкөріс деңгейінен он есе аз. Көпбалалы ананың жәрдемақы алуына да ауыл тұрғындарының «өз-өзін қамту» дейтін ұғым бөгет болып тұр.

Селода қалған қаусаған қариялар әлдеқашан көшіп кетер еді, аудан орталығында үй қымбат. Орташа бағасы екі миллион теңгенің шамасында. Ал облыс орталығынан тәуір үй алу үшін осы Богатое селосын түгел сатып жіберсеңіз де, қаражат жетпейді. Бірақ қымбатшылық қос өкпесін қысып тұрған үлкен қалала сағына күтіп отырған ешкім жоқ. Осы жерде-ақ тіршілік ете беруге әбден болады. Тек жағдай жасалмай отыр. Дүкен, медициналық мекеме, дәріхана, Интернет ырымға жоқ. Сонда

Село тұрғындарының айтуына қарағанда, Богатое селосын қайта жаңғыртып, гүлдендіруге әбден болар еді. Ол үшін бір-ақ нәрсе керек. Аудан орталығымен қатынайтын жол салынса болғаны. Егін егесің бе, мал бағасың ба, барлық мүмкіндік бар.

— Бұл село 2013 жылы қысқартылып кеткен. Егер елді мекенде тұрғындар саны елу адамнан аз болса, қысқартылуға жатады, — дейді Пресновка селолық округінің әкімі Ерболат Мұхамеджанов, — Жамбыл ауданы бойынша қазір Островка, Уткино тәрізді бес село қысқартылуда. Бұл арада бақша егуге де, бал арасын ұстауға да, балық аулауға да, одан басқа да көптеген шаруамен айналысуға болады. Бірақ соны істейтін кісі жоқ.



Фотосуретші info

ЕЛ ШЕТІНДЕГІ

БҰЛ АУЫЛДА БІР АДАМ ТҰРАДЫ

Екінші бір елді мекеннің жағдайы дәл осы Богатое селосына қатты ұқсас. Липовка селосына жете бергенімізде боран басталған. Жаяу сырғыма. Петропавл-Астана трассасының бойындағы елді мекен бұл. Үлкен жолдан бар болғаны 300 метрде орналасқан. Міне, ауылға да кіріп келеміз. Көшеде бір жан жоқ. Тіпті сүйек-саяқ іздеп жүретін бұралқы иттер де көзге түспейді. Ақ көрпе жамылған үйлердің мұржалары «біз мұндамыз» дегендей, қиядан қарауытып, көзге шалынады. Сөйтсек, бұл ауылда тірі жан тұрмайды екен. Ал әкімнің есебінде, елді

ЕЛЕС АУЫЛ



мекендер картасында бар. Сонда қалай болғаны? Келлеровқа ауылдық округінің әкімі Сүйінбай Тілтаевтың айтуына қарағанда, Липовка селосы осы округтің құрамында. Халқы көшіп кеткен елді мекенді қысқартып тастау мүмкін емес екен. Өйткені онда бір адам тұрады.

Қызық. Богатое селосында 11 үй түгін түтетіп отырса да қысқартылады. Ал Липовкаға келгенде жалғыз адам қалса да, қысқартылуға

жатпайды. Заң жалпақ жұртқа бірдей емес пе? — Ондағы тұрғын үйге адамдар тіркеулі. Сондықтан, елді мекенді қалай қысқартуға болады. Меніңше, ол дұрыс емес, — дейді округ әкімі.

Сондай-ақ ол селоға бюджеттен қанша қаржы бөлінетінін де айтып бере алмады. Бар уәжі қаржының округке, яғни төрт елді мекенге бөлінетіндігі. Ал Липовканың сыбағасы қаншалықты екенін жаратқанның өзі білмесе, жан иесі білмейді. Қағаз жүзінде ғана бар село қанырап бос тұр. Республикалық маңызға ие үлкен жолдан таяқ тастам жердегі осы бір елді мекенде көп жұмыс істеуге болар еді. Село тұрғындары жол бойында сауда орындарын ұйымдастырып, сүт-қаймағын, ірімшік, майын, етін сатса да, пайда таппай ма? Липовка селосының әр үйінде құдық қазылған екен. Тіпті интернет және ұялы байланыс та бар. Жазғы жайылымы, қысқы қыстауы қандай! Тек қанырап қалған қара орманның тірлігін қонырсытатын жан жоқ.

Іргедегі Ресей шекарасының дәл түбіндегі ауыл-селолардың селдіреп қалғаны көңілді қобалжытады-ақ. Ендігі жалғыз үміт — оңтүстіктен ошарылып көшіп келетін, онды леп өкелетін көште.

— Айыртау ауданындағы Ақан сері ауылы да қанырап бос қалды. Мен осы өлкеде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезде бұрынғы Кеңашы ауылын қайта түлетіп, отыздан астам коттедж салып едік. Ол кезде коттедж деген түсіне де кірмейді ғой. Зәулім мәдениет үйін салдық. Бар жағдайын жасадық. Қазір сол елді мекен бос қалды. Соңғы он жылдың ішінде табиғаты әсем, жері құнарлы, нұлы-сулы, аруақты Айыртау ауданының 16 елді мекені жабылып қалыпты, — дейді Көкшетау қаласының құрметті азаматы Болат Көшімбаев, — оңтүстіктің халқы жер емшегін емген еңбеккер болып келеді ғой. Міне, осындай ауылдарды қайта түлетсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы

Жазылған жайдың жалғасы

«Жығылған үстіне жұдырық» деген сөз бар. Биылғы қыстың қаһары Жетісу жұртының мазасын әбден қашырды. Қарлы-боранда көмір таппай сенделген халық енді тас жағуға мәжбүр.

КӨМІР ОРНЫНА ТАС САТТЫ

Мәселе былай. Бұған дейін көмірдің таршылығын тартып отырған жетісулықтар шетін жайдың шетін шығарды. Ескелді ауданының тұрғындары көмір тиелген көліктердің қақаған аязда құрылыс орнына емес, көмір сататын орталыққа бара

Кейін досым екеуміз барып, тас тиелген «КамАЗ-ды» андыдық. Олар шынымен де көмір қоймасына келіп, тас пен қокымды төгіп кетіп барады» — дейді.

КТК телеарнасы хабарлағандай, көмір орнына тас сатқандар өз кінәсін



жатқанын көрген. Тіпті олар тасты көмірмен араластырып жатқан тракторларды да ұялы телефонына түсіріп алыпты.

Ескелді ауданы қоғамдық палатасының мүшесі Владимир Наточий «Тұрғындар тарапынан «алыпсатарлар көмірді таспен араластырып жатыр» — деген шағым қаптап кетті. Алғашында сенбедім.

мойындаған. Бірақ өздеріне шаң жуытқысы келмейтіндей. Онысын көмірдің сапасыздығымен түсіндіргісі келетін сияқты. Аудан әкімдігі көмір күреп отырғандармен күрес бастап кетті. Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Ермек Әпеков табиғи монополия департаментіне құжаттарды өткізіп қойғанын, ары қарай істің қозғалатынын айтады.

Тіршіліктің түтіні

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының екі ауылында бруцеллездің ұшығуына байланысты карантин жарияланды. Қаратал және Саралжын ауылдарының тұрғындары сиыры мен бұзауын шетінен сойып жатыр. Себебі жануарлардан бруцеллез белгісі анықталған. Ауылдарда карантин жарияланды.



АҚТӨБЕДЕ АШАТҰЯҚ ҚЫРЫЛЫП ЖАТЫР

Қараталда 80, Саралжын ауылында 30 бас мал сойылды. Тіпті кейбіреуі бар малынан айырылып қалған. Жергілікті тұрғындар ауру малға берілетін өтемақы сомасы шығынның орнын толтыра алмайтынына наразы.

Қаратал ауылының тұрғыны Жауғашты Жүнісов: — Бізге сиыр бағасының 30 пайызын ғана береді. Бұл — аз. Мұндай тиынға тек бұзау алуға

болады. Ал біз әрі қарай қалай күн көреміз? Бар табысымыз — мал. Ет қылып сата алмаймыз. Сатушылар тек 600-800 теңгеден ғана төлейді, — деп күйнеді.

Халық инфекцияның таралуын тоқтатуды сұрайды. Ал шенеуніктер мұндай жағдайда малды түгел сою керек деп білегін сыбанады. Ойыл ауданының әкімі Бұлбұл Күзембаева:

— Биыл Ойыл ауданына төлемақы үшін 10 миллион теңге бөлінді. Бірақ ол барлығына берілмейді. Зертханада малдың еті зиян екенін растаса ғана өтемақы төленеді. Егер мал еті жеуге жарамды болса, онда иесіне қайтарылады. Кейін етті сата ма, жоқ па, өзі біледі, — делі.

Бірақ ауылдағы ағайын «арық малдың жілігі май татымайды, ақша боп та қарқ қылмайды» деп отыр.

Денсаулық

Медицина саласында жаңалық көп. Мәселен, бұдан кейін тегін медициналық қызметке арналған ақша сол емханаға тіркелген адам саңына қарай беріледі. Содан кейбір жекеменшік емханалар мемлекеттен бөлінген ақшадан көбірек асап қалу үшін басқа мекемелердің сыртынан жамандап, емделушіні өзіне жаздырудың алуан түрлі амалын қолдануда. Емханаға халықты алдап жаздыратын мұндай оқиғалар көп тіркелген.

АЛАЯҚТЫҚ ЕМХАНАДАН БАСТАЛАДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төрағасының орынбасары Ерік Байжүнісов медицина саласындағы алаяқтықты жоққа шығармайды. Ол «Қазіргі кезде бір-екі облыстан бізге хат түсіп жатыр. Нарықтық экономика заны бойынша, медицина саласының қызметкері әр үйге барып, өз



мекемесіне жарнама жасауы тиіс. Сөйтіп адам тартуы керек» дейді. Бірақ іс жүзінде бұлай болмай тұр. Е.Байжүнісовтың айтуынша, кейбір жекеменшік емхана қызметкерлері үй аралауды ауырсынып, өздері бармай, біреуді жіберетін көрінеді. Ал жұмсаған адамы тіркеу мәселесін түсіндірмейді. Құжатын алып, өздеріне жаздырып алады. Біреудің орнына қол қоя салады. Қазіргі кезде осындай заңсыздықты тоқтату үшін тексеру жүріп жатыр. Жауапты мамандар мұндай әрекеттің алаяқтық болып саналатынын ескертеді.

Қылмыс пен жаза

СУЫТ ХАБАР

Айнұр бүгін шошып оянды. Көптен жаман түс көрмеп еді. Қыстағып қалыпты. Тілін кәлимаға келтіріп, оң жағына қарап жатты. Әлгі түсінен қатты шошынса керек, ауыр тыныстап, денесі мұздап барады. Бір отырып, бір тұрып, мазасы кеткен соң, ас үйге беттеді. Құмыраға құйылып, баппен тұндырылған суды қолға ала бергені сол еді, кіреберісте қалған ұялы телефоны шар етті. Сағат таңғы үштің шамасы. Мезгілсіз уақыттағы қоңыраудан тіксініп қалған Айнұр телефон тұтқасын шакқа қолға алды. Нөмір күйеуінікі. Бірақ арғы жактан сөйлеп тұрған — бейтаныс ер адам. Мұның Нұрбол Шалабаевқа кім болып келетінін сұрады. «Нұрбол қазір реанимацияда, ес-түссіз жатыр» деген сөзден арғысын естіген жоқ. Аяқ-қолы жансызданып, талықсып бара жатты...

Айнұр есін ауруханада жиды. Арада қанша уақыт өткені, мұнын ауруханаға қалай әкелінгені де белгісіз. Кеберсіген ерні ырыққа көнер емес. Тілі тандайына жабысып қалғандай.

Су сұрамақ болып еді, дыбысы шықпады. Айнұрдың оянуын күтіп тұрғандай, ішке мұнтаздай таза киінген медбике де келе қалды. «Қайырлы таң» деп күлімсірей амандасып, Айнұрдың аузын дымқыл мақтамен сүртті. «Әйтеуір есінізді жиыңыз-ау». Медбике жаксы хабарды дәрігерге жеткізуге асықты.

Дәрігер «Өзінізді күтініз. Сіз енді екеусіз» деп Айнұрдың қан қысымын өлшеп, жүрек соғысын тексеріп жатты. Бұл жаңалықтан соң, тіптен алай-дүлей күй кешкен Айнұр тезірек Астраханға жетіп, Нұрболынын жағдайын білмекке бекінді...

ЖОЛДАҒЫ ЖАНТАЛАС

«Аки, кара! Бүгінгі күніміз бірден қомақты табыстан басталайын деп тұр-ау... Көрдің бе, ларгус көлігі келе жатыр. Жүргізушінін өзімен қосқанда салонда жеті кәпір отыр деп есептесек, адам басына он бес мың теңгеден сытырлатып санап алуға болады». Сөйдеді де Еркебұлан көлігін қыздырып, жанындағыларға «жолға шығындар» деген белгі берді.

Көлік ішіндегі Айнұр сол баяғы түсін еске түсіріп, алай-дүлей күй кешіп келеді. Ішкі есебі бойынша, Атырау

облысына қарасты Құрманғазы ауданының Астраханмен шекарасына шамамен бір сағаттан соң жету керек. Бірақ оппа қар көлік жүрісін мандытар емес. Өзімен-өзі боп, іштей арпалысып келе жатқан Айнұрдың ойын, «қап, бір емес, үш көлік тұрып қалыпты ғой» деп ашына сөйлеген жүргізушінін даусы бұзды. «Мүмкін, бірінде бала бар шығар. Шығып, көмектеселік. Күн де салқын ғой» деді таксист жігіттің жанына жайғасқан әжей. Сөзге



ЖОЛДАҒЫ ҚАРАҚШЫЛАР

(болған оқиға ізімен)

келместен көлігін тоқтатқан жүргізуші қантарылып тұрған машиналарға жетіп барды. Әп-сәтте еңгезердей алты жігіт қоршап алды. Біреуінде кәдімгі қасқырды атып ұратын аншы мылтығы. Екеуінде тапанша. Қалғандарында пышак, темір. Беттері жабық. Қара масканы тұмшаланып тұрып киіп алған. «Ақша беріндер! Бізге кәпірлердің мүлкі адал етілген. Ақша қайда?» деп айғайлаған жігіт қалтасынан жалаңдатып пышағын алып шықты. Үш жігіт шопырды қарауылдап, қалған үшеуі жолаушылар тиелген көлікке қарай бет алды. «Ақидың әмірі! Әрқайсысынан 15 мың теңгеден жинап алыңдар» деп бұйыра сөйлеген жігіттің даусынан Айнұр селк етті. Таныс дауыс...

Одан арғы оқиға тура бір Ресейдің криминал киносындағыдай... Дауыс зорайтқыштан «Қоршауға алындындар! Дерету қаруларыңды тастап, беріліңдер!» деген бұйрық естілді. Мұздай қаруланған арнайы жасақ аспаннан түскендей. Жолаушы әйелдерге қыр көрсетпек болған үштік тым-тырақай қаша жөнелді. Бірақ дайындығы күшті арнайы жасақ олардың қолына да көп ұзатпай кісен салды. «Адамның заңына бағынатын өңкей кәпірлер!



Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Қайнайды қаның

Елімізде бесіктен бөлі шықпаған жас балалардың зорлық-зомбылық құрбаны болғанын жиі естиміз. Азғындар айуандық жасауын тоқтатар емес. Алматыдағы дағдарыс орталығында зәбір көрген балаларға психологиялық көмек көрсетіледі. Мұндағы мамандар кейінгі кездері көмекке зәру жандардың артқанын айтып, дабыл қағуда. Соңғы екі жылда елімізде 1,5 мың бала педофилдерден қорлық көрген.

Осыдан 2 жыл бұрын педофилді түрмеге жабудан бөлек, емдеу қажет деген мәселе көтерілген. Биылдан бастап бұл ұсыныс қолданысқа енді. Бұдан былай балаларға зорлық көрсеткендер химиялық жолмен піштіріледі. Химиялық кастрация 18 жасқа толған сотталушыға қолданылады. Ол жазасын

АЗҒЫНДЫ БЕЛСІЗДЕНДІРУДІҢ АМАЛЫ



өтеп жатқан мекемеде немесе бостандыққа шыққан соң тіркелген орны бойынша іске асырылмақ. Сот шешімімен педофил екені анықталған соң білегіне екпе жасалады. Осыдан соң азғынның бала тұрмақ, ересек адаммен жыныстық қатынасқа түсуге ынтасы жоғалады. Бірақ инъекцияның әсері ұзаққа созылмайды екен. Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының қызметкері Ринат Мұзафаровтың айтуынша, бір инъекцияның күші 10-14 күнге жетеді.

Еліміздің денсаулық сақтау министрлігі педофилдерге екпенің 2 аптада бір жасалатындығын

қуатын қайта арттыра алады. Е.Подборнова дәрігерлер осы қылмыс бойынша сотталған азаматтардың өмірбаянымен танысуы үшін арнайы сайт ашу керек деп отыр. Негізінде педофилдердің электрондық базасы бар. Онда бала зорлап, бостандыққа шыққан жүздеген адамның аты-жөні жазылған. Мекен-жайы мен суреті де көрсетіліпті. Бірақ мұнда екпенің жасалғаны жайлы ақпараттың бар-жоғы белгісіз. Дағдарыс орталығының психологы С.Мәусейітова «Азғынға 10-15 жылын өтеп шыққан соң, химиялық кастрация жасалады. Алайда ол балаларға қатысты зорлық-зомбылығын жалғастыруы мүмкін», — дейді.

Шетелдік тәжірибе мүлдем басқа. Мәселен, Францияда педофил препаратты қабылдауды немесе арнайы медициналық мекемеде қалуды өзі тандайды. Бельгияда екпенің бұл түрі медициналық сақтандыруға енгізілген. Ал Германияда жылына 6 адамға химиялық кастрация жасалады. Сондықтан қылмыстың қайталану көрсеткіші 84 пайыздан 3 пайызға дейін азайған. Ұлыбританияда балаларды зорлау фактісі екі есе азайыпты. АҚШ-та піштірудің бұл түрі барлық штатта қолданылмайды. Былтыр жазда Елорда маңында бала зорламақ болған азғынды құрылысшылар ұстап алған еді. Бейнематериал барлық әлеуметтік желіде желдей

тарады. Ол онбай таяқ жегенімен қоймай, 15 жылға сотталды. Қарағанды облысындағы Сәтбаев қаласында полиция сержанты кішкентай қызға қорлық көрсеткен 50 жастағы ер адамды ұстаған. Ашу-ызасын тыя алмаған тәртіп сәкішысы күдіктінің сазайын берді. Алайда бұл әрекеті үшін сержанттың 2 жылға бос бостандығы шектелді. Педофилдың үстінен іс қозғалды. Енді оны қатан жаза күтіп тұр. Елімізде бала зорлағандарға ешқашан шартты жаза берілмейді. Жәбірленуші тараппен ымыраға келуге де мүмкіндік жоқ. Тіпті мерзімінен бұрын бостандыққа шығып, жазасын жеңілдету жағы да

қарастырылмаған. Керісінше, түрмеден шыкса да 3 жыл бойы қатан бақылауда болады. Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитеті баспасөз қызметінің бас маманы Ағылай Тұрланованың айтуынша, түзету мекемесінің әкімшілігі мәжбүрлі шараны тағайындау үшін материалды сотқа жібереді. Бұл бостандыққа жіберуге 6 ай қалғанда іске асырылады.

Химиялық кастрацияны тағайындау кезінде сот міндетті түрде қарсы көрсетілмдерді ескеруі тиіс. Қазір бұл шараның баламасы ұсынылған жоқ. Сондықтан педофилдерді белсіздендіру үшін мемлекет 2020 жылға дейін 58 млн теңге бөліп отыр. Бір ампуланың құны шамамен 4 мың теңге. Ал оның тиімділігін уақыт көрсетеді.

Олжас БАЙЖАН,
КТК «Анпан» бағдарламасы

Капиталистік REALISM



Алматы қаласы

МАЗАСЫЗ МҮЙІС



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тағуд мемлекеттің бәрібір бізбен күресуге күші жетпейді!» деп айғайлап жатты қолға түскендері.

Өң мен түстің ортасында қалғандай күй кешкен Айнұр ұзаққа дейін өз-өзіне келе алмады. Жол бойы әңгіме соғып келе жатқан әжей де, телефондарын шұқылап, қайта-қайта бірін-бірі суретке түсіріп әлек болып отырған қыздар да жым-жырт. Таксист те тілін жұтып қойғандай.

МЫЛТЫҚ КЕЗЕНГЕН ДОС

Айнұр Астраханның қалалық ауруханасына келген кезде ғана есін жиды. Нұрбол реанимация бөлімінен жалпы палатаға ауыстырылған екен. Аяғының ауырлағаны туралы жаңалықтан бұрын, жолдағы киноға бергісіз оқиға туралы айтып берген Айнұр күйеуімен аман-есен қауышқанына шүкіршілік етті.

Айшылық алыс жерден жылдам хабар алғызған интернет деген керемет қой. Елдегі жаңалықтарды Айнұр телефоны арқылы оқып-біліп отырды. Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитетіне сілтеме жасап хабар таратқан журналистер Атырауда қылмыстық топтың қолға түскенін жарыса жазды. Атырау — Астрахан ғана емес, Атырау — Орал, «Атырау — Бейнеу» бағыттарында жолаушы тасымалдаумен айналысатындардан ақша бопсалаумен жүйелі түрде айналысып келген қылмыстық топ мүшелерінің алты адамнан тұратындығы және олардың барлығы бірдей «салафилік» ағымға ерушілер екендігі анықталыпты. Аталған

бағыттарда 200-ге жуық автокөлік қатынап отырған. Әр көлік жүргізушісінен алынатын заңсыз «алым-салықтың» көлемі де әртүрлі болып келген. Жазылмаған «ставка»



мөлшері 5 мың теңгеден басталып, 25 мың теңгеге дейін жетіп отырған» деген хабарламаны оқыған Айнұрдың ойынан аншы мылтығын көлікке кезеніп тұрған Еркебұлан шықпай қойды. Жат ағым дейтін атымен жоқ, сол бір алансыз өткен балалық шағында мектепте бірге оқып, бірге өскен сыралғы досының өмірі тап осылай басқа арнаға бұрылып кетеді деген ой Айнұрдың үш ұйықтаса түсіне кірмеген еді. Қак-соқпен ісі жоқ Еркебұлан қалаға оқуға түскеннен кейін лезде өзгеріп шыға келді. Кәпірлердің сипаты, жиһад жолымен жұмаққа түсу туралы жиі сөйлейтін Еркебұланнан сыныптастары теріс айналып кеткенде, Айнұр достығына берік болып еді. Бірақ «намаз оқымайтын кәпірлер» деп, Еркебұлан ата-анасымен қарым-қатынасын біржола үзген кезде Айнұрдың досына деген көңілі су сепкендей басылды. Бірде қаладағы көкбазардан досын

кездестіріп қалған Айнұр оны тіптен тани алмады. Қаба сақалын қайта-қайта ұстап, араб елдерінің біріндегі марказдан білім алып келгенін айтқан Еркебұлан Айнұрды да тура жолға түсуге үгіттеген болатын. Екеуінің үстірт әңгімесін «Бетін бүркемеген әйелмен сөйлеспе! Шайтаны азғырады! Сені ақи шақырып жатыр» деген бейтаныс еркек бұзған еді. Атырау — Астрахан жолындағы төтенше жағдай кезінде Айнұрды селк еткізген де сол баяғы өзінің тай-құлындай тебісіп өскен досының таныс дауысы еді...

Болған оқиға ізімен жазылған бұл әңгімеде кейіпкерлердің есімі өзгертілді. Тасжолда екі жыл еш кедергісіз тонаумен айналысқан алты қаракшының үстінен қылмыстық іс қозғалды.

Өз көзімен

Сонымен, мын естігенше, бір көрейік деген оймен орталыққа қоңырау шалып, адам организмін ауыстырудың қыр-сыры, өзіндік құпиясы туралы білмекші болғанбыз. Бізді баспасөзге жауап беретін мамандар басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, білікті дәрігер, тәжірибелі хирург Болатбек Баймахановқа қосып жіберді. Бөкен бізді мұқият тыңдап алып, трансплантация жайында қоғамда жағымсыз ақпараттың көптігі туралы бүйіледі: «Қазір бүйрегін немесе бауырын беретіндер бөтен емес, жақындары». Одан ары «Осы сіздер, журналистер, бір ақпаратты тарату үшін мәселені неге толыққанды зерттемейсіздер? Бізге келіңіздер! Бізбен бірге отаға кіріп, өз көздеріңізбен көріңіздер! Сонда түсінесіздер, біздің жұмыстың қандай екенін. Екі бүйректің бірін, бауырдың жартысын кімнің кімге беретінін, сатылатынын немесе сатылмайтынын өз көздеріңізбен көріп алып жазыңыздар», — деп бір жағы ренішін білдіргендей, бір жағы мән-жайды түсіндіргендей сынай танытты.

Сөйтіп Болатбек Баймахановтың шақыртуымен отаға бірге кіретін болдық. Уәде бойынша танертенгі сағат тоғызда ауруханаға жеттік. Біз келгенде ота жасайтын ақ халатты абзал жандар тас-түйін дайын тұр екен. Ойлағанымыздай емес, мұндағы тәртіп қатаң болып шықты. Ота жасайтын жерге сырт киіммен кіруге болмайды. Бізді арнайы бөлмеге апарып, су жана жейде мен шалбар берді. Аяқ киімімізге дейін ауыстырды. Бет-аузымызды тұмшалап, мейірбикелерге ілесіп келе жатырмыз. Едені айнадай жарқыраған, тап-таза залға ертіп кірді. Залдың екі канаты — үлкен екі бөлме. Дәрігерлер сол жерден екіге бөлінді. Бірінші



жартысы — бүйрегін беретін жігіт жасқа, екінші жартысы бүйрекке тәуелді елуден асқан әйелге кетті. Екі бүйрегі бірдей жарамай қалған әйелге бір бүйрегін беріп отырған жігіт — жиен інісі екен. Біз бірінші топқа ілестік. Ота бөлмесінен күйіктің иісі бүрк ете түсті... Алдымен сау бүйректі адам денесінен аршып алу керек. Оған дейін екінші топ ауру кісінің мықын тұсынан үшінші бүйрек сыятын орын дайындап қояды. Ондай бос орын адамның мықын тұсында болады екен. Бүгінгі отаны жасайтын хирург біздің елге ғана емес, алыс-жақын бірнеше мемлекетке аты танылған, осы медициналық орталықтың һас шебер оташысы — бас хирург Болатбек Баймаханов. Бөкен осы уақытқа дейін 300 бүйрек, 120-дай бауыр ауыстырған. Тіпті жұдырықтай жүректі де басқа біреудің кеудесінде соқтырған маман.

ҮШІНШІ ТАМЫР ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Сонымен, ота басталып кетті. Болатбек ағаны мейірбикелер киіндірді. Киінуің де өз тәртібі бар екен. Жаланаһ колмен халатты ұстауға болмайды. Бәрінің қолында залалсыздандырылған резеңке қолғап. Ота үстелінің жанында жап-жас көмекші хирургтер сақалай сай тұр. Қайшы, қысқыш, кескіш, тескіштің бәрі дайын. Бөкен келгенге дейін көмекші дәрігерлер жігіттің бүйрек тұсын ашып, дайындап қойыпты. Бөлмеге кіргенде танауымызды жарған әлгі күйіктің иісі сол сияқты. Баймаханов маған бұрылып: «Жүрегің шыдай ма?» деп күлді. «Шыдайтын шығар» дедім мен де. Бөкеннің қолы епті, жылдам екен. Қас пен көздің арасында жігіттің бүйрегіне кірді де кетті. Бәрін экраннан көріп тұрмыз. Отаңың орнынан үш тесік тесіледі. Біріншісінен оташының сол қолы, екіншісінен жарық пен камера, үшіншісінен қайшы кіреді. Біз теледидардан көргендей ап-анық қарап тұрмыз. Камера жүріп барады. Жарық бүйректің тұрған орнын көрсетті. Бас хирург «Біз алдымен бүйректі аршып алуымыз керек. Ол үшін өте мұқият болған жөн. Өйткені мұнда ұсақ қан тамыр өте көп. Сосын көкбауыр да жақын орналасқан. Оған тиіп кетсеңіз,



Болатбек БАЙМАХАНОВ, медицина ғылымдарының докторы, профессор

бәрін құртасыз» деп жұмысына қызу кіріп кетті. Адамның бүйрегі бір қабат маймен қапталып тұрады екен. Ақшарбы майдан бүйректі аршып алудың қиындығын айтып сұрамаңыз! Оташының қолындағы отты-қайшы кескен жерін қарып-күйдіріп бара жатыр. Ұсақ тамырлардан қан кетсе, Бөкен бірден әлгі отты-қайшымен күйдіріп тоқтатады. Бір қарағанда аса қиын емес сияқты көрінгенімен, әлгі отты-қайшымен жұмыс істеу ою ойғаннан да нәзіктікті, шеберлікті қажет ететін жұмыс. Әрі қауіпті, әрі жауапты.

Бөкен адамның ішкі организмін жаттап алғандай. Қай жерінде қандай тамыр

бар, қай жерді қалай тілу керек — Болатбек Баймаханов үшін мұның бәрі таныс карта сияқты. Бір кірген жеріне екі қайтып бармайды. Сонан соң бүйрекке баратын екі күре тамырдың орнын да көзін жұмып табады. «Арғы жағында бір тамыр, бергі жағында екіншісі бар. Алдымен бір жағын аршып алсақ, екіншісіне кіретін жол салынады» — деп, адамның ішек-қарнын емес, машинаның моторын ақтарғандай аралап жүр. Қасындағы көмекші жас дәрігерлер де сауысқандай сак. Бөкеннің ишарасынан бәрін түсініп, елілдеп тұр. Керекті пышағын, қайшысын қателеспей тауып береді.

Бауырсақтай бүйректің екі жағын толық аршып болғанда, аяқ астынан үшінші ірі тамырға тап болдық. — Мына жігіттің денесінің бәрі тамыр, — деп күлді Бөкен. — Үшінші тамыр көп адамда болмайды. УЗИ-ге түсірген қызды шақырыңдар. Медициналық кітапшасына неге жазбаған? Сендер адамның саусағынан тікен алып отырған жоқсындар. Бұл — ота. Ота болғанда да трансплантация», — деп жас хирургтерді бір сілкіп алды. УЗИ-ге түсірген Динара есімді қыз келді. Өзінің кемшілігін бірден мойындап, кешірім сұрап жатыр. — Тәртіп ескерілмей қатаң болмаса, бұл адам өміріне жауапты қызмет. Сондықтан, бізде қателесу деген болмауы керек, — деді білікті дәрігер. — Мұндай отаны күнде жасап тұрасыздар ма? — Әрине, күнде. Мысалы, ертен бауыр ауыстырамыз. 19 жастағы баланың бауырын



анасына саламыз. Бүйрек трансплантациясына 2,5-3 сағат кетсе, бауырдың отасын 12-16 сағатта жасап жүрміз. Бұл — рекорд. Бауырдың отасы қиын, ол қанның зауыты ғой. Бауырын ауыстырған адамдар қазір 20 жылға дейін өмір сүріп жатыр. — Жүректі ауыстыру қаншалық қиын? — Жүректің отасын бөлендей қиын дей

Қолдың басындай бүйректі жұлып алғанда, бүйрегім бүлк ете түсті. Табақтағы мұзға тастай салып еді, кіп-кішкентай жанды мүше бүлк-бүлк етіп аунап кетті. О заманда бұ заман мұндайды кім көріпті? Тірі адамның ішін жарып, жұдырықтай жүректі, тіпті бауыр мен бүйректі жұлып алып, басқа біреудің денесіне салу қазір таңқалатын дүние болмай қалған. Бұл — бүгінгі медицинаның жетістігі. Өз көзімізбен көруге, жазуға, әрине, бір себебі бар... Естеріңізде болса, былтыр әлеуметтік желіде «Бүйрегімді сатамын, қарызымнан құтылғым келеді... Бауырымды сатып кредитімді жапсам деймін» сияқты алуан түрлі жарнама пайда болып, мұндай сауда қоғамда бірден дүмпу тұдырған болатын. Тіпті Алматыда осыдан екі жыл бұрын трансплантация кезінде бір адамның ота үстелінен тұрмағаны туралы да айтылып жатты. Оңтүстік астанадағы белді ауруханада болған осы оқиғадан кейін, адам организмін ауыстыру бір ғана орталыққа жүктелген. Ол — А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы. Басқа ауруханалардан мұндай жауапгершілік алынып тасталыпты.



алмаймын. Себебі жүректің тамырлары білеу-білеу болып көзге көрініп тұрады. Оны бір-біріне жалғау да оңай. Оған жарты-ақ сағат уақыт кетеді.

БАУЫР БАУЫРЛАСТЫРАДЫ

Оташы-дәрігер бізбен әңгімелесіп, арасында әзіл-қалжынып айтып отырып, бүйректі аршыды. Міне, соңғы жұмыстары қалды. Ол үшін бүйректің бұрынғы жолдарын жауып, манызды екі құретамырын қиып, қысқышпен қысты. Екі тамырдың да бұрынғы жолдарын буып тастады. Сонан соң, қанталаған ұсақ тамырларды отты-қайшымен күйдірді. Осындай жұмыстарын істеп болған соң, жұдырықтай бүйректі оп-онай жұлып алды да мұз салынған табаққа тастай салды. Сізге өтірік, маған шын, табақтағы бүйрік бүлк ете түсті. Оны бір жігіт табақ таситын даяшылардай екінші бөлмеге ала жүгірді. Ол жақта бүйректі тазалайтын жігіттер білегін сыбанып отыр екен. Табақтағы қызыл етке төніп алып, шұқшия қалды. Бізге де қызық: «Не істеп жатырсыздар?» демеімін бе? Сұрағым ерсілеу естілсе керек, қараторы жігіт: «Не істеуші еді, бүйрек салғалы жатырмыз» деп бетіме бедірейе қарады. Ыңғайсызданып қалдым. Жалпы дәрігер қауым көп сөзді болмайтындай көрінді. Арасында Болатбек Баймаханов қана әзіл-қалжынып айтып, қайшы-пышақ ұстаған жастардың жүзіне күлкі үйіріп отыр. Ал бір бүйрегі алынған жігітті




Баласы бауыр етіп берді

бірінші топтағы жас мамандар тігіп, соңғы жұмыстарын жасап жатыр. Бүйректі тазалау да біраз уақытқа созылды. Екі сағаттан бері аяғынан тік тұрған абзал

жандардың шыдамдылығына еріксіз тәнті боласыз! Ал біз бостан босқа жүріп шаршап, жалаңашып кеттік. — Хирург шыдамды ғана емес, мықты тігінші болу керек, — деді ине-жіпке шұқшиған Бөкен. — Мына екі тамырды бір-біріне еш қателіксіз тікпесен, ертен барлық бөле осыдан шығады. Зәр жүрмей қалуы мүмкін немесе қан тамыр жабылып қалады, — деп бізге де, қасындағы жас мамандарға да түсіндіріп жатыр. Бүйрекке тәуелді әйелдің мықын тұсы әлдеқашан ашылып дайындалып қойған. Қан тамыры бір-біріне жалғанған бүйректі әлгі әйелдің денесіне дәкіммен орап апарып салды. Бұл жақтағы екінші топ та әжіл. Қолдары ылдым-жылдым. Әйел денесінен дайындалған орынға бүйректі салған соң, бірден зәр жолын жалғады. Ондағы мақсат — бүйрек жұмысын тексеріп көру. Құдай оңдағанда, бүрісіп жатқан қызыл етке жан біткендей, ісініп, бірден жұмыс істеп кетті. Зәр бөліп тұрғанын өз көзімізбен көрдік. Бас хирург ең күрделі екі тамырды жалғады. Сонан соң қалған жұмысты жас мамандарға тапсырды.

— Жұмысыңыз әлі біткен жоқ қой, — дедім мен артқы шаруадан аландап. — Негізгі жұмыс бітті. Бүйректі алдық. Оны екінші адамның бүйіріне қондырдық. Қалған шаруаны жігіттер өздері ретке келтіреді. Олар да осылай үйренеді, — деді де, өзі жол бастады. — Сіздерге кеше ғана ота жасалған бір кісіні көрсетейін. Баласының 70 пайыз бауырын анасына салдық. Қазіргі жағдайы жақсы, — деп



емделіп жатқан кісілердің палатасына ертіп келді. 56 жастағы Гүлжиһан Азаматқызына 21 жастағы ұлы Еркебұлан бауырының 70 пайызын кесіп беріпті. Баласына өмір сыйлаған асыл анаға 21 жылдан кейін ұлының өмір сыйлағанынан артық бақыт бола ма?! Көзімізге жас келді.

— Болатбек аға, бауырын бергеннен кейін бұл кісілердің ана мен бала арасындағы жақындыққа бауырлық сезім қосылып, тіптен қимас жандарға айналатын шығар? — дедім анасы мен ұлының арасындағы әдемі махаббаттан айыға алмай. — Қазақта бауырдан артық жақын туыс болмайды. Ал анасына бауырын бөліп берген осындай азаматтардан қалай айналайсың?! Бұдан кейін ана мен бала арасындағы сезім бұрынғыдан да тереңдейді. Ол — заңдылық, — деді.

Бас хирург бізге ертен анасына бауырының басым бөлігін беретін тағы бір жігітпен таныстырды. Жәнібек сұңғақ бойлы, ақшыл жүзді жігіт екен. «Анасының бауыры жұмыс істемей қалды. Осы күйінде болса, 3 айдан артық өмір сүрмейді. Ал мынау жалғыз ұлы. Баласының бауырын салғаннан кейін, Құдай қаласа, бұл кісі бауырынан ауырмайды. Әлі ұзақ жыл өмір сүреді» деп Жәнібектің қолын қысып, анасының иығынан қакты.

БӨТЕНГЕ БҮЙРЕК БЕРІЛМЕЙДІ

Болатбек Баймахановтың кабинетіне келдік. Хирург трансплантация туралы біздің халықтың бойындағы керенуе түсінікке көңілі толмайтынын айтып, күйінді. Тіпті мұсылман елі саналатын Иран трансплантациядан әлем бойынша алдыңғы орындағы мемлекет екенін айтты. Адам мүшесін көшірудің діни қайшылығы жоқтығын жеткізді. — Бүйрегін ауыстырған екі келіншек балалы болды. Бұл үлкен жетістік. Сіздер, журналистер, халыққа ақпаратты дұрыс жеткізулеріңіз қажет. Алматыда болған — 7-ші ауруханадағы адам өлімінен кейін трансплантация 40 пайызға азайып кетті. Ал бүйрекке, бауырға, өкпе мен жүрекке тәуелді қаншама адам бар. Тіпті кезекте тұр. Жалпы трансплантациядан қашпаған жөн. Егер біреудің жүрегі екінші адамға өмір сыйласа, соның кеудесінде соғып тұрса, одан артық бақыт бар ма?! Баласының бауыры анасына өмір сыйласа, одан артық байлық бола ма?! Трансплантациядан қайтыс болған адамның саны өте аз. Бүкіл дүниежүзі бойынша 17 адам ғана осындай отадан көз жұмған. Сондықтан, бұдан қорықпаған дұрыс. Халықты да қорқытпау керек. Трансплантациядан әлем бойынша алдыңғы қатардамыз. Тәжірибеміз де жетерлік. Ешкімнен кем емеспіз. Бізге Израильден, Жапониядан келіп емделіп жатыр», — деп сөзін түйді дәрігер. Отадан шыққан соң, біраз уақытқа дейін өз-өзімізге келе алмадық. Біреудің бүйрегі біреудің бүйірінде бүлкілдеп тұрса, біреудің жүрегі екінші жанның кеудесінде соғып тұрса, шынымен, бұл қандай бақыт?! Дәрігердің осы бір ауыз сөзі бізге де қанат бітіргендей болды.



Жарас КЕМЕЛЖАН, Суреттерді түсірген Салтанат ШЫРЫНХАН

Аманат

Иә, қазір қаншама экспонаттарға бай музей — акынның 80 жылдық үлкен мерейтойына орай 2011 жылы қайта жанартылды. Музейге кіргенде құнды жәдігерлер көздің жауын алады. Өйткені онда акынның бүкіл болмысын ашатын, өткен күнге көз жіберетін дүниелер көп-ақ. Мұқағали туралы сыр шертетін фотосуреттер, қолтанба жазбалары, киімдері, үйінің макеті, туған өлкесі суреттеліп, барлық шығармалары туралы хронологиялық кесте және т.б. аса бағалы дүниелер «менмұдалап» өзіне тарта түседі. Айта кетер бір ерекшелігі — акынның жазу бөлмесі. Әр шығармашылық аламының жеке бір «әлемі» бар. Мұқағалидың да жыр жауһарларын тудырған жұмыс үстелі, әлбетте, қызығушылық оятады. «Акын өлеңдерін қалай жазды екен» деген сұрақ кімнің болса да көкейінде тұратыны анық. Музейдің ішінен ойып тұрып орын алған да — осы шығармашылық мекені. Онда акынның өзі отырған орындығы мен үстелінен бастап, жұмыс машинкасы, портфелі, киімі, бәрі-бәрі сәйкестендіре орналасып, өзінше үйлесім тапқан.

Осындай мол байлықты сақтаушы ғана емес, соның негізін қалаған жандардың бірі ғана емес, бірегейі — Жұмаш Мұқаметнұрұлы Өтеев. Өкінішке қарай, ол кісі қазір арамызда жоқ. Десек те, «ғалымның хаты өлмейді» демекші, Мұқағалидың шырақшысының тарих беттерінде сақталып қалатыны шындық.

Ж.Өтеевті көзі қарақты жұртқа таныстырып жатудың өзі артық. Өйткені Жұмаш ағаның есімі Мұқағали Мақатаев дегенде қатар аталуы керек жандардың тізіміне әлдеқашан еніп қойған. Ол кісінің акын мұрасын әспеттеуде еңбегі орасан зор.

Жоғарыда айтып өткен музейді үшінші мұражай деуге толық негіз бар. Ең алғаш, Жұмаш ағамыз Қарасаз орта мектебі ішінен шағын музей-залын ашқан. Нобайын сыздырып, небір керемет өрнекпен әдейі жасатып, мүмкіндігінше жабдықтаған. Қолда ешқандай материал жоқ болған күннің өзінде, бүкіл қажетті дүниелерді жинақтаған. Бұл туралы Ж. Мұқаметнұрұлының кітабында мынадай қызықты естелігі бар. «1981 жылы 4-5



маусымда Нарынқолдың орталық мәдениет үйі мен колхоз паркінде 50 жылдық атап өтілді. Дүр сілкіндірген оқиға болды. Райкомпартия атка мінді, ауыл-аймақ, аудан жұртшылығы абыр-сабыр күй кешті, қонақ күтті. Акын-жазушы, ғалымдардың Мұқағали перзенттері туралы берген жоғары бағаларын естіді. Құлақ естіп, көз көрмеген қошеметтің күесі болды. Жаксы сөздерге жандары марқайды, Мұқағалиымен мақтанатын халте жетті. Осындай әсердің ықпалымен қозғалысқа түсіп, жанашырлардың жанашылдық бастама көтеруімен, сол уақыттағы Қарасаз ауылының Энгельс атындағы орта мектебіндегі екінші этаждың вестибюлінен арнайы орын бөлініп, ізденіспен өткен 4-5 жылды араға салып барып, 1988 жылы 23 желтоқсанда «Мұқағали мұражай залы» ашылды», — дейді мұқағалитанушы ғалым.


Мұражай залды ашу идеясы Мұқағалидың 50 жылдық мерейтойынан соң санаға сап ете түседі. Шығармашылық аламы қашанда толқумен, сезіммен жүреді емес пе?! «Мұндай ұлы тұлғаны, туған жеріндегі талантты қалай дәріптемеске?» деп, мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс беретін білікті ұстаз Ж.Өтеев сол кездегі мектеп директоры Н.Орынбаевқа өтінішін жеткізеді.

Білім ордасының басшысы бірден қолдап, мектептің екінші қабатындағы кең зал беріледі. Ештеңе жоқ, бос алан. Соның өзіне Ж. Мұқаметнұрұлы мөре-сәре риза болады. Ұстаз-әріптестеріне жиналыс ашып, 10 сомнан ақша жинауды ұсынады. Ол кезде он сомның құны керемет енді. Қаржы мәселесі айтылғанда үнемі текетірес, қарсы топ шығады. Дегенмен «көп түкірсе — көл» демекші, біршама қаражат жиналады.

Міне, Жұмаш ағаның астын сыза отырып, айта кетер ең басты ерекшелігі бар ыждағаттылығымен Мұқағали мұрасын қолға алуды тұңғыш рет қолға алуы болып тұр. Мектептің өзінде музей ашу сол заманда онай бола қойған жоқ. Арада бес жыл уақыт кетті.

Мұражай залы «Қарасаз — тұрған тұрағы», «Қазақстан тарихы», «Отанның патриот ұланы», «Туған аудан түлектері», «Мақатаев атындағы әдеби-шығармашылық бірлестік» атты бес бөлімнен құралған. Орта мектеп оқушылары мен село көлеміндегі сөз өнерін қадірлер қауымның М.Мақатаев атындағы әдебиет үйірмесі айына бір рет шығаратын «Тау түлегі» қабырға газеті орналасқан. Ол бай мазмұндылығымен, айдарының молдығымен көз тартады. Ары қарай акынның шыққан тегі, үрім-бұтақтарының туыстық қатынастарына дейін таратылады. Балалық кезін, жастық шағын, жігіттік дәуренін елестететін суреттер оның өмірін сапарын жебелей өтіп, дәм-тұзы түгесілген 31 наурызда Жазушылар одағы үйіндегі қаралы жерлеумен аяқталады. Ара-арасында мазмұнға лайық акын өлеңдерін үзінділер беріліп отырылады. Сондай-ақ «Армысындар, достар», «Бәсіре», «Шекарада», «Дарига-жүрек», «Өмірдастан», «Соғалды жүрек» атты кітаптар мұқабаларымен беріліп, әрқайсысының ішінде ондаған сюжетті өлеңдер бойынша суреттер салынып, ең ұқыр да ұрымтал жолдар екінші бетіне жазылып қойылған.

Ақын ақын Мұқағали Мақатаев ақпан айында дүниеге келген. Бүгінде 9 ақпан бұкілхалықтық деңгейде тойланып, жырдан шашу шашылатын күнге айналды. Ақынның туғанына биыл 87 жыл. Өске-лең ұрпақ ақын мұрасының қасиетін әлдеқашан түйсінген. Мұқағали есімін атағанда сонау киелі өңір — туған жері Қарасаз қатар әжреді. Онда мұзбалақ таланттың мұражайы бар.



Мұқағали шырақшысы

«Халық сені ұмытпайды» деп аталған бетте акынның құжаттары, қолтанбалары, хаттары, ұстаған заттары жүйеленген. Қазіргі таңда үлкен мұражайдағы барлық үлгі-өнеге осындай мөлдір бұлақтан бастау алғаны анық. Мұның бәрі ол кезде дамыған техника мен технология жоқ. Сақталып, фотоға түсіріліп қалған жоқ. Тек сол заманда көз көрген аға буын мен халықтың жалында және ағаның артына қалдырған мұра кітаптарында тайға таңба басқандай жазылып тұр.

Мұндай қазынаны көрген аудан, облыс басшылары: «Мұқағалидай талантты ақыны Қарасаздан бір үлкен музей ашу керек» деп

мектепте «Мұқағалитану» пәнінен дәріс береді. Ауылда болғандықтан, парасаты жоғары, білімді, мықты азаматтар көп көзге түсе қоймайтыны анық. Ұлтжанды ағамыз үшін отбасы мен ауылы қымбат болып, қалаға көшуді құп көрмейді. Оған қоса, керемет табиғаты бар, таза демалыс орын болып табылатын Қарасазды тастап кету — аманатқа қиянат сияқты көрінгені анық.

Бүкіл саналы ғұмырын мұзбалақ ақыныға сарп етіп зерттеген Қарасаздың төл перзенті — Жұмаш Өтеев Мұқағалидың өзінен дәріс алған. Ол — сонау кеңес заманында дәл қазіргі мемориалды музейдің іргетасын мектептің бір қуысынан ашып, қалап берген жан. Білікті педагог Жұмаш Мұқаметнұрұлы 1996 жылдан 2011 жылға дейін М. Мақатаев атындағы әдеби-мемориалды музейінің директоры болып қызмет атқарды. 80 жылдық мерейтойды абыроймен өткізіп берді. Дәл сол жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.

Жұмаш аға туралы айтқанда, ақын мұрасына ғана емес, мамандығына да адал екенін әсте ұмытпау керек.



топшылап, музей-залдан мұражай деңгейіне жеткізеді. Сөйтіп 1991 жылы Елшенбүйректің бергі жағында акынның музейі құрылып, 60-жылдық мерейтойы қарсаңында әдеби-ескертікші мұражайы салынып бітті. Ал оны 2011 жылы Мақатаевтың 80 жылдық мерейтойында жаңартып, жөндеді. Басқаша формамен қайта жасап шығарды. Яғни бұл мұражайдың үшіншісі. Жұмаш ағаны — Мұқағалидың шырақшысы деуіміздің басты себебі — осы. Ең алғаш рет керемет идея туындатып, бірінші болып игі бастама көтерді. «Бір адам қазған құдықтан мың адам су ішеді» дейді мұндайда қазақ.

Жұмаш ағаның жанашылдығын айтып өту орынды. Мұқағали халыққа таныстыру музей ашудан басталғанымен, оның мұрасын насихаттаумен жалғастырады. Бір ғана ауыл емес, бүкіл аудан көлемінде Мұқағали өлеңдерін жаттатып, стипендият ұйымдастырды. Онда өскелең ұрпақ — мектеп оқушылары тегіс ақын өлеңдерін, поэмаларын жарыса жатқа оқыды. Кейінірек республика деңгейінде «Мұқағали мұшайрасы», «Мұқағали оқулары» кеңінен таралды. Мұның бәрі алақандай ауылдан, оның ішінде бір ғана адамынан нәр алғаны анық.

Ал 2008 жылы Ж.Мұқаметнұрұлы тура 60 жасында «Мұқағали Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Ауылдан шыққан тұңғыш ғалым. Өмірден озанша

ЖАУҒАР

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Алтын тамыр

Шыңғыстай
— жалпы қазаққа таныс

жер аты. Асқар шыңын күн сүйген

Алтайдың алтын тауларының арасындағы аядай ауыл. Қазақ қаламгерлерінің біразы, оның ішінде Алтайдан шыққан шоқтығы биік ақын-жазушылар осы Шыңғыстайдан. Жергілікті жұрт «Шеңгіштай» деп атаған. Шыңғыс ханмен де байланыстырып айтады. Осы көне ауылда қазақтың ең алғашқы мектебінің іргетасы қаланыпты. Әбдікәрім болыс салдырған білім ошағы — қараңғы қазақ даласына жарық шашқан алғашқы қарашаңырақ, 110 жылдық тарихы бар іргелі білім ошағы.

Қазақтың алғашқы мектебі



Әбдікәрім Ережепұлы кім? Әбдікәрім Ережепұлы — өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған, озық ойлы қазағы. Санкт-Петербург орман шаруашылығы институтын бітірген. 28 жыл Шыңғыстай болысын басқарған ірі тұлға. Ел басқарып жүріп, қазақ балаларының білім алуына жол ашқан, мектеп салдырған. Алаш Орда қайраткері, сондай-ақ екі мәрте Мемлекеттік Думаға және Алаш партиясының атқару комитетіне мүше болған азамат. 1920 жылы Семейде Алаш партиясының жаңа бағдарламасы қабылданған кезде, Әлихан Бөкейханнан кейінгі баяндаманы осы Әбдікәрім болыс жасаған.

Шығыс Қазақстан облысына барған сапарымызда Әбдікәрім Ережепұлы салдырған сол мектепті өз көзімізбен көрдік. Білім ошағы қазір мұражайға айналған. Мектеп-музейдің директоры Ақтоты Есімжолмартқызы «Патшалы Ресей үкіметі Шығыс Қазақстан өлкесіне 2 ғимарат салуға ұсыныс жасайды. Сол кезде Әбдікәрім мектеп салуды ұйғарады. 1903 жылы Шыңғыстай ауылында осы мектепті салдырады. Ең алғашында екі сыныптық орыс-қазақ мектебі болады. Одан кейін 1907 жылы төрт жылдық орыс-қазақ мектебін ашып, оқушылар осы жерде білім алады. Мұғалімдерді Омбыдан, Семейден әкеледі», — делі.

Әбдікәрім болыс мектебінің түлектері — профессор Сәрсен Аманжолов, КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев, Социалистік Еңбек Ері Бошай Кітапбай, жазушылар Қалихан Ыскақ, Оралхан Бөкей, Дидахмет Әшімхан, Әлібек Асқар.

Әбдікәрім болыс салдырған қазақтың алғашқы мектебінде Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты білікті ұстаздар сабақ берді. Сұлтанмахмұт Шыңғыстай мектебінде сабақ беріп жүргенде Әбдікәрімнің бой жетіп қалған қызы Бағиламен танысады. Болыстың әлпештеп баққан қызы да жас ақынға ғашық болған. Екі жастың арасындағы махаббат сезімі қанша алаулап тұрса да, қосылуына мүмкіндік болмаған. Тіпті қыздың әкесі Әбдікәрімнің де бұған қылар қайраны жоқ: өйткені Бағила сұлу Қосағаштың Шүй жазығындағы Бұқарбай байдың Ақсұлтанның деген ұлына бесіктегі кезінде атастырып қойылған екен.

Белгілі тарихшы-жазушы Тұрсынхан Зәкенұлы Алтайға сапарында туған «Арда Алтай, Алтын Алтай, жарқын Алтай» атты жолжазбасында мынадай дерек келтіреді: «Өзін Әбдікәрімнің емес, атасы Ережептің қызымын дейтін Бағила ұзатылып бара жатып: «Әкем айтса, көнбес едім, атам



айтқан соң көндім» деген екен. Ата дәстүрді бұза алмаған қос ғашықтың махаббат хикаясы осымен тәмам. Әрине, бұл жағдай жаны нәзік ақын, намысқой азамат Сұлтанмахмұтқа ауыр соққы болып тиеді. Ол жаны күйзеліп жүрсе де, бар ашуын ақ қағаз бен кара сиядан алғандай, жаңа шығармалар жазуға кіріседі. Санасын сансыратып, жанын жаралаған осы оқиғадан кейін ол өзінің атакты «Қамар сұлу» хикаясын жазды. Аталған шығармалардың негізінде өз басының мұң мен қайғыдан, ішқұсалықтан арылмаған трагедиясы жатқаны белгілі. «Қамар сұлу» хикаясы өзі ғашық болған сұлуына арнаған ұлы ескерткіш болып тарихта қалды. Ал Әбдікәрім болыс салдырған мектеп ғасырдан артық сырлы тарихты құшағына алып, әлі тұр.

Бетті дайындаған
ЖАРҚА КЕМЕЛЖАН

Ретро-сұхбат

— Қадыр аға, Жақандармен жолдарыңыз қашан түйісті?
— Мен 1953 жылы Алматыға оқуға келдім. Жақан жоғары курста оқиды екен. Бірден табысып кеттік дей алмаймын. Арada бір-екі жыл өткенде жақынырақ таныстық. Басымызды қосқан өлен еді. Ол университетті түгескен соң Алматы облыстық «Жетісу» газетінің Өндіріс бөліміне жұмысқа орналасты. Екеуіміз де балаларға арнап жазып жүрдік. Жанымыздың жарасқаны соншалықты, мен оны біртіндеп, туған ағамдай көріп кетіппін. 1957 жылы үйленгенмін. О кезде ағайын да, туыс та жоқ, студенттердің ақшасына курстастарға той жасадық. Тойды Жақан жүргізді. Сол кимас күндердің елесі күні кешегідей көз алдымда тұр.

Келесі жылы оқуды мен де бітірдім.
— **Өзіңіз еңбек жолын «Балдырғаннан» бастапсыз ғой...**
— Иә, 1958 жылы «Балдырған» ашылды да, мені сонда жұмысқа шақырды. «Қазақстан пионері» газеті мен біздің журналға сол кездегі министрліктің екі бөлмесін беріпті; бір кабинетте үйілыңп алты-жеті адам отыратын едік. Мұзафар Әлімбаев — редактор, Әнуарбек Дүйсенбиев — жауапты хатшы. Мәскеуден екі жылдық жоғары әдеби курсты бітіріп келген Бердібек Соқпақбаев проза бөлімін, ал мен поэзия бөлімін басқардым. Міне, осылай істі жап-жақсы бастап кеттік. Елден хаттар келе бастады. Солардың ішінен жылт еткен бірдене табылса, жамап-жасқап, ұтқыр пайдалануға тырыстық.

— **Ұжымдағылар арасынан кімдермен етене араластыңыз?**
— Бәріміз де бір атаның баласындай тату болдық. Ынтымағымыз мықты-тын. Дегенмен, өзім үшін Әнуарбек Дүйсенбиев пен Жақан Смаковтың орны айрықша. Бұлар қиын-қыстау кездерде маған аға болған, айрықша пана болған жігіттер. Әсіресе, Жақанның азаматтығы басым еді. Унемі құрақ ұшып,

шағын бір кітап шығарды да, істі жалғастырмай қойды. Талдықорғаннан Кастек Баянбаев деген замандасымыз жиі жазды. Кейін Алматыға көшіп келіп, сүйікті шаруасына алаңсыз кірісті.

Осылайша әжептәуір қомданып, өсіп, есейіп, балалар әдебиеті дейтін саланың негізін салған сияқтымыз. Сөйтіп бұл аз ғана жылдар арасында аяғынан тұрып кетті.

— **Сіздер әрқайсыңыз бір-бір мектеп секілді қыруар міндет атқарғандарыңызды байқаймыз...**

— Артық мақтанғандық болмас, мен де солай ма деп топшылаймын. Әйтеуір, Балалар әдебиетін бір белеске шығарып салғанмыз өтірік емес. Әсілі, үлкен сарайдың іргетасы қаланды. Ал бұдан кейінгі тірлік қоғамға, үкіметке, заман ағымына байланысты нәрселер шығар. Әйткенмен, кейін сол біз бастаған кезеңдегідей топ-тобымен келіп жатқан буынның легін көре алмадым.

— **Мұндайда кадрлардың білігі, табиғи дарын, қабілет деген де үлкен орын алады ғой...**

— Бұған дау жоқ. Одан соң өмірде бір байқағаным, газет-журналдар, неге екенін, менің алғашқы лирикалық

Қадыр МЫРЗА ӘЛИ:

ЖАҚАНДАЙ САҢЛАҚТЫ

өлендерімді онша ұната қоймады. Арada каншама жылдар өткеннен кейін осындайды айту да қиын екен. Ал балаларға арналған дүниелерім бірден сап ете түсті. Елуінші жылдардың орта тұсында, білесіз, Тын және тынайған жердің астығын жинадық. Қазақтың балалар әдебиетін көтеру де сол оқиғаман қабат келіп тұрғандай. Екеуінің де кейіпкерлері — өзіміз.

— **О замандағы идеологияның бағыты белгілі. Бірақ ішгіге ұлттық мүддеге бүйрек бұрған кездеріңіз болды ма?**

— Бір ғажабы, Балалар әдебиетінің өрісі кең ғой. Бұған үлкен саясатты көп араластырмағанмен, ынғайын тауып, ұлттық топырақтың нәрі, бояуы сіңірілетіні тағы мәлім. Ертегі, мысал жазамыз. Бұлардың аясына талай нәрсе сыяды. Балалар әдебиеті кейде, тіпті үлкендерге айтылмайтын ойларды көтеріп кетеді. Айталық, сөз етіп отырған Жақан Смаковтың мынандай бір өлеңінің үзіндісіне қараңызшы:

— *Мекежінде жеті емшек,
Бәрі емсе де жетеді.*

ҰМЫТУ САНАҒА СЫЙМАЙДЫ

біреуге жақсылық жасауға ұмтылатын, жүрегі нұрлы, жайсаң жан-ды.

— **Сол мінез оның өлеңінен де көрініс бермей қалмайтын шығар.**

— Жақан өленді, негізінен, астарлы юморға құрайтын еді. Зерттеушілер мен сыншылар ақын шеберлігінің құпиясына үңіліп, терең бойлай алса, оның осы қыры арқылы талай кәсіби сырға қанығары анық. Ақынның өз өмірі де әзілге, қалжыңға толы болатын. Одан соң ол әрбір шығармасын халықтық колоритке суарғандай әсер қалдыратын. Әлгінде айттым, ол бөлек басылымда жұмыс істеді, бірақ біздің журналдың ісіне белсене араласып, өленді өңліре жазды.

— **Балалар ақыны болу қиын екені түсінікті. Үлгіні қайдан алдыңыздар? Әлде түренді тыннан салуға тура келді ме?**

— Иә, расында да, о тұста «Балалар әдебиеті» дейтін ресми сала жоқ-ты. Орыс әдебиетінің озық үлгілері де жете қоймаған кез еді. Және оның табиғаты бізге келіңкіремейтін. Сол себепті:

*Түйе-түйе, түйелер,
Тұзың қайда түйелер?!*

немесе:

*Бақа-бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ? —*

деп келетін өзіміздің Халық ауыз әдебиеті мұраларына арқа сүйелік. Және жұмбақ, жаңылтпаштарымыз бар. Соларды негізге алдық.

— **Яғни Жақан Смаковтарды Қазақ балалар әдебиетінің көшбасшылары десек қателеспейміз ғой?**

— Әлбетте! Бұлар нағыз «тыңгерлер». Жақандан жол салушылар. Әнуарбек Дүйсенбиев кішкене серілеу жігіт-тің. Сондықтан өлеңге уақыты аздау болған да шығар. Бірақ өте жақсы жазды.

Әйтеуір, балалардың тілін таптық-ау деймін. Үлкендердің арасынан үлес қосқан Өтебай Тұрманжанов сынды ағамыз еді. О кісінің:

*Құмырсқалар, аралар —
Қиыспас дос, құдалар.*

*Ертеде бір орманда,
Өзі салған қорғанда,
Өзі салған қорғанда,
Бір топ ара тұрыпты:*

*Бәрі еңбеккер жан екен,
Жеңелері бал екен,*

Тамаша өмір сүріпті, — деп басталатын мысал-поэмасы бар еді. Байқайсыз ба, жанрдың өзі тосын. Бір қарағанда, бұл Корней Чуковский өлендерінің негізінде жазылғандай көрінеді. Бірақ оған мүлде қатысы жоқ, қазақтың өз топырағында туған шығарма.

Сол секілді, Жәнібек Кәрбозин деген жігіт жақын араласты. Ескен Елубаев деген бала елден жазып тұрды. Ескендір деген бір жігіт бар еді (*фамилиясын ұмытыптын*),

ЖАЛПЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІ ОТЫЗ ЖЫЛДАН АСҚАН ЖУРНАЛИСТ АРХИВІНДЕ НЕШЕ ҚИЛЫ
ЖАЗБА ЖАТАТЫНЫ ЗАҢДЫЛЫҚ ТА ШЫҒАР. КЕЙДЕ ҚОРЖЫН ТҮБІН ҚАҚСАҢ, ІШІНЕН
ШАШЫЛЫП ТҮСКЕН АЛТЫН ҚИЫРШЫҒЫНДАЙ БАҒАЛЫ ДҮНИЕЛЕР ШЫҒЫП, ҚАТТЫ
ҚҰАНАТЫН СӘТТЕР КЕЗДЕСЕДІ.

ЕСКІ ДИКТОФОН ТАСПАСЫНАН БІРТУАР АҚЫН ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИДІҢ ҚОҢЫР
ДАУЫСЫ КҮМБІРЛЕП ҚОЯ БЕРДІ. МҰНДА ОЛ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ
ӨКІЛІ ЖАҚАН СМАКОВ БАСТАҒАН ӘРІПТЕСТЕРІ ТУРАЛЫ СЫР ТОЛҒАПТЫ. ӘНГІМЕНІ
ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНУҒА АСЫҚТЫҚ.



*Ертемен ол қыт-қыттайды,
Ауламыздан шықпайды.
«Шен-шен» десем келмейді,
Берген жемді жемейді.
Ауруы қандай қауіпті,
Деп аяймын тауықты,
Аяп жүрсем тауықты, —
Ақ жұмыртқа тауыпты, —*

деген жолдар сол сөзіміздің дәлелі.

— **Мұндайға икемділіктің сыры неде деп ойлайсыз?**

— Бұл енді әркімнің характеріне де байланысты болуы мүмкін. Жақан серек сезімнің, алғыр ойдың иесі еді. Әлгі, «балуанға он солы бірдей» демекші, өлең өлкесінде өзін судағы балықтай сезініп, қолға алған тақырыбын алып та, шалып та жығатын.

— **Алайда осы ағамыздың тағдыры күрделілеу болған деп естиміз.**

— Мен оның отбасымен де етене араласқан адаммын. Әке-шешесі тірі еді. Қазіргі «Райымбек» көшесі мен «Тастақ» ықшамауданы қиылысатын тұста жер үйлері болды. Бір өкініштісі, кейінірек, неліктен екенін білмедім, жентеймен ажырасып кетті...

Сол тұста Қазақ телевизиясы ашылған-ды. Жақан сонда редактор болып барды. Оларда да балалар әдебиетінен хабарлар беріп тұратын. Біз де ақырындап соның белсенді авторларына айналдық. Мен де сол кезде республикалық «Жұлдыз» журналына ауысқан едім. Жақан арada біраз жылдар өткеннен кейін лирикадан да бір кітап шығарды.

— **Дегенмен, бұ кісі әлі күнге дейін балалар жазушысы болып есептеледі ғой.**

— Иә, солай. Бір поэма жазды. Арасында лирикалық өлендері бар. Ол да ақын ретінде жанын тербеген, жүрегің ауыртқан жағдайларды жырлады. Әйткенмен, лирикаға барар-бармас күйде жүргендей. Әрине, өте қабілетті, аса талантты адам, түбегейлес кез келген саланы дөңгелетіп өктер еді. Бірақ уақытын көбіне жаны сүйетін Балалар әдебиетіне арнады.

— **Сонда бұ кісі анау Самуил Маршактар секілді осы салада биікке шығуға ұмтылды ма екен?**

— Ішкі дайындығы мықты, потенциалы мол адам өзінің дарын деңгейін сөзсіз білді. Сол себепті, белгілі межелерді көздеген болу керек. Әйткенмен, амал не, түрлі жағдайлар қол байламай тұрмайды. Жаны нәзік, ақын адамның бір кезең күйзелген, жүдеп-жадаған кездерін білемін. О заманда басапдан кітап шығару деген де өте бір қиямет іс еді. Бәрі жандан басталып жатқан кез. Сізге айтайын, сол кездерде әдебиетке деген құлшыныс қарқынды-тын. «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, неше қилы жазғыштар жер-жерден ағылып келіп жатты. Кітап шығаруға ұмтылғандар о заманда да сонша көпті. Әйткенмен, сүзгі өте қатал болды. Менің алғашқы «Көктем» деген кітабым төрт-бес жыл жатып, зорға шыққан. Обалы не керек, әдебиеттің ғұмыры адам өміріне

қарағанда ұзағырақ қой, осы өлшеммен келгенде, Жақан өлген жоқ.

— **Неше кітап жазған?**

— Көп жазса алмады-ау. Мұзафар Әлімбаев ертеректе, міне: «Әдебиеттегі тұсаукесті тұңғыш қаламынан бастап бірөнкей балаларға арнап жазатын ақындарымыздың саны өте аз. Өтебай Тұрманжанов, Мұбарак Жаманбалинов, Нұрхан Жанаев, Ермек Өтегілеуов... Осы аталғандардың қалың ортасында «сақалды сәбі» деп атауға лайық бала жанды, бөбек жүректі ақын Жақан Смаков бар еді. Ол ерте дүние салды... Ол артында шағын-шағын он бес кітап қана қалдырды. Өнер саныммен ғана өлшенбейді, оның үлкен таразысы — сапасы. Бұл тұрғыдан алғанда, Жақан жұлдызды жігіт» деп жазғаны бар. Әйткенмен, ұзақ жасай алмады ғой. Қырық екі жасында кетті.

— **Жақан Смаковты Балалар әдебиетіндегі құбылыс деуге бола ма?**

— Әлбетте. Біле білсек, Балалар әдебиеті деген ұлттық идея, мемлекеттік мүдде тарапынан алғанда, орасан рол атқарды. Балауса балбөбек үлкен өмірге осындай таным-түйсік арқылы аяқ басады. Әрбір бүлдіршін дүниетанымын көркем безендірілген басылымдар арқылы кеңейтеді. Қоршаған ортаның сырын түсінуге, табиғатты сүюге ұмтылады. Сөйтіп жалпы адам баласына тән жақсы әдеттерге жақындай береді. Соның арқасында қиял ұшпайды. Келе-келе өзі де шығармашылық өмірге араласалы. Талғамы тереңдеп, көкірегі ояу, жан-жақты азамат бола бастайды. Ал келешек қоғамның иелері дегеніміз осындай ұрпақ емес пе.

Әдебиетінің бір көрмегі — ақын-жазушы бас-аяғы жұп-жұмыр, оқуға жеңіл, қысқа ғана шығармасы арқылы баланы жағымсыз әдеттен аулақ жүруге немесе, мәселен, әр тіршілік иесінің тек өзіне ғана лайықты міндеті болатыны туралы ойлануға жетелемекші. Айталық, Жақан Смаковтың «Торғай ағаш қорғайды» деген өлеңіндегі:

*— Шыр-шыр еткен торғайды,
Қорғамасаң болмайды.*

*Кін-кішкене торғайлар
Ағаштарды қорғайды.*

*Таспен атып торғайды,
Үя бұзған оңбайды.*

*Күе өкпелеп кетеді,
Бақшамызға қонбайды, —*

деген жолдарына қараныз. Осында бір асқақ сөз, яки басы артық ғақылды бар ма? Жок. Тек жүрекке жайлы тиетін оратымды шумакты, жыр-жылы леп пен санаға сіне кететін сұлу суретті ғана көресіз. Міне, қаламынан осы такылеттес дүниелер туатын ақынды бір сәт зор құдірет иесіне ұқсатсақ, айып емес қой.

— **Осындай еңбек иесі кейін лайықты бағаланды ма?**

— Өкінішке қарай, үлкен ақын тияісті бағасын ала алған



Қадыр
Мырза Әли
зайыбы
Сатманат
апаймен



Қадыр
Мырза Әли
мен Жақан
СМАКОВ



(Соңы. Басы өткен санда)

Естелік

x x x

Қазақ оқырмандар Әзиз Несиннің өмірбаянынан толық хабардар емес. Аударып шығарған екі кітабына алғысөзімде, одан бұрынғы «Иә, Әзиз бей, Сіз кімсіз?» деген мақаламда қысқаша ғана айтылды. Енді сол «өтпеген-айдын» орнын толтыруым қажет деп біліп, Несиннің «Оқырмандарыма мың бір сәлемін» алғысөз етіп, өзінен естігенім, Л.Ленчтің, басқалардың жазғандарынан оқығаным бар, соларға сүйеніп, қосымша бірер мағлұмат келтіруді ұйғардым.

Балалық шағының базары жұтаң болған Несин күнкеріс қамындағы өкесіне көмектесіп, шамасы жеткен жұмыстың бөріне жегіліп, «кедейшілік» деген итпен алысып жүріп ержетті де, әскери борышын өтеуге алынды. Ол жақ та онып тұрған жоқ елі, «әлімжеттіктің» қорасына камалып, көресісін көре түсті.

Өмірі өрмекшінің торына айналған Несин одан сытылудың қолынан келер бір ғана жолы — оны жұрт алдында келекелеу, деп білді де, әзіл-сықақ әңгіме мен фельетонды қару етті. Әкесінің: «Сен жазу-мазуды қой, тіл ал, жансақтарлық басқа бірденемен айналыс», дегеніне иліккен жоқ. Ол, әрине,

оған: — Өлеңнің басын ауырпай, әңгіменді жаза бергенің жөн болар, — деген көрінеді. Інісі бөлденбей, өкпелемей тіл алып, әзіл-сықақ жакка біржола көшкен. Тұңғыш әңгімесі 1943 жылы «Миллет» газетінде басылыпты. Сөйтіп, ол қалам ұстаған 36 жыл бойында әзіл-сықақ әңгімелерінің 34

1968 жылғы бір сұхбатында Несин: «Мен 53 жастамын. 53 кітабым 23 елде 17 тілде басылып шықты. Пьесаларым 7 елдің сахнасында жүріп жатыр» делі.

Азия және Африка жазушыларының бірлестігі әдебиеттегі аса зор еңбегі, қоғамдық-саяси белсенді қызметі үшін Әзиз бейге 1974 жылы «Лотос» журналының сыйлығын берді.

...1971 жылы болар, Несин әйелі — Мераль, үш ұлы мен қызы бар бесеуі отбасылық әңгіме-дүкен құрады. Отағасы:

— Мераль, балаларым! Мен өзім көрмеген рахат тұрмысты сендерге көрсете алдым. Айналайын балаларым, әрқайсысына үй, саяжай сатып әпердім. Жоғары білім алып, қызмет істеуге кірісетін, яғни өз төтелеріңмен өмір сүретін күндерін де жакын. Сол күннен бастап мен қолымдағы артық ақшамды, алатын қаламақымды жетім балалар үйін салуға және сол үйлі ұстауға жұмсасам деймін. Ол үшін арнаулы Қор ашамын. Мен өлгеннен кейін де маған тиесілі қаламақы келетін болса, оның да сол Қорға құйылуын заңдастырамын, — деген кезде ортаншы ұлы Әли өкесін құшақтай алып:

— Көке, көке! Өлмеші! Өлмеші! Маған үй де, саяжай да керек емес! — деп ботадай боздапты. Басқа балалары да қосыла жылап, әңгіме аяқталмай қалыпты.

Алайда Несин отбасылық әңгімені көп ұзатпай тиянақтап, айтқан үйін

РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



11

Ғибрат



Бірде теледидардан зерек балалардың ой-өрісі таразыға түсетін бағдарламаны көрсетті. Танымал жүргізуші кезекті сұрағын қойды: — «Человек в футляре» кімнің кітабы? Алғыр оқушы сөзінің жартысы орысша, жартысы қазақша сауалды түсінбеді ме, әлде ондай шығарманың бары-жоғынан хабарсыз ба, әйтеуір жауап бере алмады. Ал біздің көкейімізде «Белді бір телеарнаның белгілі журналисі А. Чеховтың осы әңгімесі қазақшаға «Құндақтаулы адам» деген атаумен аударылғанын білмегені ме?» деген сауал...

Ұлттық кітапханада өткен Ғаббас ағамыздың (Қабышұлы) жана кітаптарының тұсаукесер рәсмінде осы оқиға еске түсті. Жиналған қауым жазушының «Көңіл көгінде» және түрік тілінде жарық көрген «Gönün göklerinde» туындысына қатысты ой-пікірін, ыстық лебізін білдірді. Кітаптың жарық көруіне Ғаббас ағамыздың «Жас казак» газетінде жарияланған жорналшы қауымның ұстазы Темірбек Қожакеев туралы естелігі қозғау



салғанын естіп, қуанып қалдық. Қарымды қаламгердің қазақтың жасқылары мен жайсандары туралы мақалалары газетімізде үзбей жарияланып келеді. Көзі қаракты оқырман бұдан хабарлар.

Ғаббас Қабышұлының қазақ әдебиеті мен сатирасына сіңірген еңбегі ересен. Әлі талай тың дүниелермен оқырманды қуанттары да анық. Басқосуға жиналған қауым суреткердің шығармашылығымен қатар, адами болмысына, азаматтық ұстанымына қатысты жылы лебізін ортаға салды.

Біздің айтпағымыз — жазушының туындылары тілі жұтаң бүгінгі журналистикаға таптырмас қазына, практикалық мектеп екендігі. Әсіресе, шетелдік әдеби туынды мен киноны орысша атауымен жазуды әдетке айналдырған әріптестерімізге. Өз басым Әзиз Несинді алдымен қазақша, сосын түрікше оқыдым. Сондағы байқағаным, Ғаббас ағамыздың аудармасы түпнұсқаға берісіз. Оқырманға мейлінше түсінікті болу үшін қазақ тілінің байлығын, мол мүмкіндігін шебер пайдалана

білген. Мәселен, «Футбол сұлтаны» романында «ЖЖК», яғни жоқшылық жолын кескендер» дейді. Осыны «Әлеуметтік жағынан аз қорғалғандар» деп орысшадан тікелей аударатын тілшілер оқыса ғой, шіркін!.. Сөздік қоры тамаша тенеу, ұғымды да ұрымтал тіркестермен байып қалар еді.

Жазушы ағамыз үнемі ізденіс үстінде. Романның атауы түрікшесінде Futbol krali («Футбол королі»). Орысшаға да солай аударылған. Ағамыз оны қазақ оқырманына лайықтап, «Футбол сұлтаны» деп алды. Міне, осы кітапты сөйлем сайын сүрініп жататын, «қорғаушы жерге сәтсіз қонды» (защитник неудачно приземлился)

деп қойып қалатын спорт комментаторлары оқыса ғой дейміз тағы да. Ал Ғаббас ағамыз былай суреттейді: «ШАШ» командасының өткел бермес орталық қорғаушысы, бүкіл елімізге «Тасулат» деген атпен белгілі әйгілі Ахмед. Немесе «Тепкен добы көрермендердің басынан асып, қаңғырып кетеді». Әсірелеу, сүлу сөзді теру жоқ мұнда. Міне, қазіргі футболдың нағыз репортажы! Спорт комментаторларын дайындайтын журналистика факультеттері мен курстарға (ондайлар бар болса, әрине) таптырмайтын оқулық.

Срайыл СМАЙЫЛ
Фото: Ғалия ҚАЛИЕВА



ӘЗИЗ БЕЙДЕН БІР БАЙҒАЗЫ

“
«МЕН ЖҰРТТАН ЕКІ ЖӘЙТТІ ҒАНА ЖАСЫРА АЛДЫМ. БІРІ – ШАРШАҒАНДЫҒЫМ, ЕКІНШІСІ – ЖАСЫМ. ЕГЕР ӨМІРГЕ ЕКІНШІ РЕТ КЕЛСЕМ, АЗЫРАҚ ШАРШАУДЫ ОЙЛАР ЕДІМ, АЛ ЖАСЫМ... КЕЙБІРЕУЛЕР: «СЕНІҢ ӨҢІЖ ЖАП-ЖАС, БАЯҒЫДА ОСЫНДАЙ ЕДІҢ, ҚАРТАЙМАПСЫҢ» ДЕСЕДІ. Е, ОЛАР МЕНІҢ ҚАРТАЮҒА УАҚЫТЫМ БОЛМАЙ ЖҮРГЕНІН ҚАЙДАН БІЛСІН!» ДЕПТІ НЕСИН, БІР СҰХБАТЫНДА.

«жазу-мазумен» мәз болармын деп ойламады, оны-мұны ұсақ-түйекпен сауда істеп, газет сатып, фотограф болып, жалданып есеп-қисап жұмысымен де шұғылданып жүрді. Алайда «қалтасының томпаюына» негізгі себеп «жазу-мазуы» болды, әңгімелерін газеттер таласып жариялай басып, қаламақы төледі.

Найзасы мен шокпары да, қылышы мен бесатары да қаламы болғанына 40 жыл толғанда сыр шерткен бір сәтінде оның тілектес оқырмандарының бірі:

— Әзиз бей, шығармаларыңыздың басқасын айтпағанда, бүгінге дейін жазған әңгіменіздің саны екі мың деседі, сол рас па? — дегенде Несин:

— Мен он адамды асырауға тиіс болып жүрмін. Егер отбасымда жиырма адам болса, онда мен төрт мың әңгіме жазған болар едім, — депті.

Жазғандарының жарияланғандарына қаламақы алып, әжептәуір «байи бастағаны» рас болған, бірақ дарынына сай данғыл жол табылмады. Билік деген сиқырлы дүниенің кем-кетігін «суреттеген» фельетоншы шыққан сайын сотқа сүйреліп, түрмеге тоғытыла берді. Құрықтарына іліпкес үшін қитұрғы бүркеншік аттармен жазса да, тауып алады. «Әзиз» деп өкесінің атын да пайдаланғаны кейін белгілі болды (біраз жұрт өзінің аты Әзиз екен деп шатысыпты. Мен де бұрынғы жазбаларымда «Әзек» дегенмін. Мәскеуде екінші күні «Әзек» деп қалып отырғанымда маған жазылы жымия қарап, тілмаші арқылы мән-жайды ұғындырды да, мен не «Әзиз бей», не «Несин аға» дегуе көшітім).

Несин жиыны неше фельетон жазғанын, сол үшін түрмеде неше рет, неше жыл отырғанын санап айтқан емес. «Фельетон былай тұрыпты-ау, сықақ әңгімем үшін де таяқ жедім. Анау әңгімемнің, мынау әңгімемнің кейіпкері «өзі екенін дәлелдегендер» мені түрмеде жиыны алты жылдай ұстады, оның жарты жылын маған Египеттің королі Фарук «силады», — мен бір әңгімесimde «олың ар-ұтына тіл тигізіп» қойыппын, сол үшін Анкараның сотынан бір-ақ шығарғаны ғой», дегені ғана бар.

Несин әдебиетке қаламын ақын болуды армандаумен де бастапты. Әуелгі лирикалық өлеңі 1939 жылы «Еди гон» газетінде шыққанда атакты ақын ағасы Назым Хикмет

жинағы, өлеңдерінің 5 жинағы, 8 романы мен 6 пьесасы шығып, әлем әдебиетіндегі ірі Тұлғалардың бірі болды. Әдеби-ғылыми іспен де шұғылданып, «Республика дәуіріндегі түрік әзілінің тарихы» деген еңбек жазды (үш том). Журналшылық сұхбат, репортаж, мақала кітаптары өз алдына.

1976 жылы «Назым Хикмет қоғамын» ашып, ақынның әдеби еңбегін насихаттауды қолға алды және «Бейбітшілікте жактаушылар қоғамын» ашып, термоядролық соғысқа, Түркияға американдық әскерлерін орналастыруға қарсы күш біріктіруге кірісті. Сонымен қатар 1976-1984-інші жылдары «Түрік жазушылары бірлестігін» ұйымдастырып, түрік қаламгерлердің құқық қорғау мәселелерімен шұғылданды. Ол игі істеріне қаржы табу үшін 1976 жылы «Әзиз Несин қорын» ашып, жыл сайын бір мың бет шамасы кітап шығарып, одан түскен қаламақыны ортаға салып отырды.

Енді Әзиз бейдің шығармашылық мерейіне көз жіберсек:

1956 жылы әзіл-сықақшылардың Италияда өткізілген Халықаралық ІХ-бәсекесінде «Пл» аталған Хамди қалай ұстанды? сияқтына І-сыйлық пен «Алтын шынар» медалі берілді.

1957 жылы сол бәсекеде «Қазан орнатудағы қонақасы» әңгімесі тағы да бәйге алды.

1959 жылы «Мен Атаүртіспен әңгімелестім» памфлетіне Түркия Журналистер одағының сыйлығы берілді.

1966 жылы Болгарияда өткен бәсекеде «Патриоттық парыз» әңгімесі үшін «Алтын кіріп» медалін;

1968 жылы «Ол қалуға тиіс» әңгімесі үшін «Крокодил» журналының халықаралық сыйлығын;

1970 жылы «Миллет» газетінің негізін қалаған Али Нәджми Қаражанды еске алуға арналған бәсекеде «Қарақөз» пьесасы үшін бас жүлдені алды және сол жылы «Чичу» пьесасына Түрік лингвисттер қоғамының сыйлығы берілді. Несиннің бұлардан басқа да жетістіктері аз емес.

салуға жер алу, құрылыс жұмыстарын жүргізуге қажет құжаттарды жасатып, жарғысы мен бағдарламасын жазып, іске кірісіпті.

...Стамбұлдың батыс жағында, алпыс шақырым жерде, Чаталжа деген шағын елді мекен бар. Бай-бақшалы. Биік үй дегенде көзге бірден түсетіні — 4 қабатты ғимарат. Ол — «Әзиз Несин қорының» құзырындағы интернат. Қордың басшысы — Несиннің ұлы, физика-математика және философия ғылымдарының докторы, әлгі «жылауық» Әли.

Интернатқа 3-4 жастағы тұлдыр жетім балалар және тұрмыс жағдайы өте ауыр отбасының сол жастағы балалары қабылданады да, олар жасы көмелетке толып, қалаған оқуын бітіріп, жұмысқа кіріскенге дейін осында тегін тұрады. Интернаттың бюджеті



— Әзиз Несиннің қаламақысы, яғни оның Түркияда, шетелдерде қайталап шығарылып жататын кітаптарынан, қойылып жататын пьесаларынан, оның шығармаларынан жасалған кинофильмдердің түсетін табыстың келісімді шарт бойынша белгіленген пайызы.

Жетімдер үйі әу баста шағын болған да, сегіз ғана бала қабылданған. Одан кейінгі жылдарда ғимарат кеңітіліп, бала саны көбейе берген. Ақпарат құралдарының айтуына қарағанда, Несин қайтыс болған 1995 жылы интернатта 86 бала тұрыпты.

Несин интернаттың жарғысы мен бағдарламасын жазғанда қабылданатын түрік балаларын елдің тарихын, ғылым-білімін, халықтың салт-дәстүрін сыйлайтын, ана тілін құрметтейтін ынабатты, білімге, еңбекке құштар етіп тәрбиелеуді қадап-қадап айтқан. Меніңше, интернат түлегін Атаүртіктің өсиетіне адал болып: «Мен — түрікпіні!» дей алатын Азамат дәрежесіне жеткізуді көзлеген. Сол игі мақсатының бір нышаны — интернатқа өзінің кітапханасын — 20.000 кітапты тарту еткен. Оған қосымша: көркем табиғат суреттері, сыйлық бұйымдар, әдеби газеттер мен журналдардың тігінділері және бар.

Интернаттың, қордың жұмыстары Түркияның білім министрлігімен ынтымақтаса жүргізілетін болған.

мұсылмандарға оны қолға түскен жерінде өлтіру сауап болатынын жариялаған. Рушди жасыруына мәжбүр болған.

Несин сол романнан үзінді аударма жасап, бір газетке жариялапты. Сірә, «біздің бетпақ билікке бас шүлгі беретін байғұстығымызды айтқан осы тұсын жұрт оқып көрсін» деген ойы болса керек. Сол үшін қуғынға тап болды. 1993 жылы Сива қаласына мәжіліске жиналған, арасында Несин бар жазушылар жатқан мейманханаға шабуыл жасалып, әйтеуір, достары Әзиз бейді әрең құтқарып қалыпты.

Елдегі биліктің келір-бұдырын бұрын да әжуәлап жүрген Несин Сивадағы шатақтың шырғаланына ілігіп, енді билікке ғана емес, билікшілдерге де жақпай қалды. Кітаптары қайталап басылмады. Туғанына 90 жыл, 95 жыл толуы аталған жоқ. 90 жыл толар қарсаңда, 2003 жылғы мамырдың 25-күні Түркияның премьер-министрі Реджеп Тайып Ердоған мырзаға қазақ сатириктерінің атынан хат жазып: Әлем әдебиеті, оның ішінде қазақ әдебиеті саясаткер Әзиз Несинді емес, әзіл-сықақтың сардары Әзиз Несинді іздеуде, әдеби мұрасының жағдайынан хабардар болғымыз, кітаптарын алып

оқығымыз келеді, деген мәнде хат жолдалым. Өкінішке қарай, жауапсыз кетті.

Шығармалары өзінің ғана жақетіне емес, халқының жақетіне жараған жазушы мерейлі, бақытты. Әзиз бейдің туындылары әлемдік әдеби құндылықтар қорына қосылды, яғни ол ең бақытты Қаламгерлердің бірі болды.

Әзиз бейдің: «Егер мен жарық дүниеге қайтадан келсем, осы жолыммен тағы жүрер едім, — деп «бірсөзділігін» байқатып; — бірақ шығармаларымды қазіргісінен неғұрлым көп те жасы жазар едім. Алайда, адамзаттың тарихында о дүниеден орындардан болмапты, ендеше, менде оралмасқа осы күйімде кете барармын» дегені есімде. Ғажап күлкісін күдіреттендіре түсуге қабілеті барын, тек уақыты жетпесін айтқаны-ау!

Әлемі атакты әзіл-сықақшы Әзиз Несин өмірінің өрнектері «Әкесі мен баласының хаттары» деген атпен 1994 жылы шыққан кітапта бар. Ол кейінде толықтырылып, 2002 жылы «Менің аяулы өкем», «Менің сүйікті ұлым» делініп шықты, — Несин мен Әлидің жазысқан хаттарының жинағы.

Несин ағамыздың алғаш және ақырғы рет көргенімен беріде 22 жыл өтті. Қоңырай жылы жүзі — көз алдымда, қоңыр үні — құлағымда.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,
жазушы-сатирик (2005 ж.)



БААА БЕЙНЕ



«КҮРТЕШЕДЕН ҚОРЫҚҚАН БАЛАМЫН»

Мен ауылдың кара домалак, аңғал баласы болдым. Әкем ат ұстады. Жылқыларды жаюға үнемі мені ертіп алатын. Бір күні көкпар тартатын атты суыттып, байлап қойған. Өріске жіберетін кезде мені жұмсады. Үй артындағы жардың арғы бетіндегі қырмаға айлап өткізім керек. Әкемнің айтқаны – зан. Қай жақа дейін жеткіз десе, сонда апаруың керек. Айтқанын екі етпеймін. Үстімде қалың күртешем (күмпиіп тұратын балон киім) бар. Жалғыз жүрсем, қай-қайдағыны ойлайсың. Үлкендер жезтырнак,

**Жалғас
ТОЛҒАНБАЙ,
актер:**



«Жалғас, алмадан салат жасап жейіңші». Көз алдыма бірден теледидарда көрсететін дәмді салат елестеді. Содан алма теріп әкелдік те, үлкен керсенте турадық. Ержет

үйде екі жүз литрлік бөшкеде сәлерка (солярка) тұратын. Таныс жағдай. Ауылдағылар сәлерканы қажетіне жарату үшін осылай құйып қояды. Бір досым шілөнгімен құя алмай жатыр екен.

«Қожаға ұқсап өлімімді күттім»

жалмауыз кемпір туралы қорқынышты әңгімені көп айтатын. Қараңғы түнде, далала жалғыз жүргенде қайдағы-жайдағы елестемеуші ме еді. Содан атты жібердім де, екі жотаның ортасындағы жалғыз аяқ жолмен үйге қайттым. Төмен түсіп келе жатсам, жанымда бірден ысылдайды. Жалмауыз кемпір шығар деп ойладым. Әдетте арықтан өте алмаушы едім, қорыққанда қалай секіргенім есімде жоқ. Ал ысылдаған нәрсе артымнан қалмай әлі келе жатыр. Бойымды қорқыныш билегені соншалық, ақ тер-көк тер болып қаштым. «Біткен жерім осы шығар» деп ойладым. Бір жағынан әлгі ысылдаққа жеткізбей келе жатқанымға қуанып қоямын! Әкем күтіп тұр екен. Сүріне-қабына қушақтай алдым. Не болғанын түсіндіре алар емеспін. Артыма қайта-қайта қарай беремін. Ештеңе жоқ. Ысылдап, артымнан қалмай келе жатқан қорқынышты дауысты естігенім айдан анық. Сөйтсем, балон күртешем үйкелген сайын ысылдайды екен ғой!

АЛМА САЛАТТЫҢ ӘЛЕПІ

Бірде әке-шешем екі-үш күнге туыстарымыздың үйіне қонаққа кететін болды. Ержет деген немере ағам екеумізді «үйге бас-көз болындар» деп қалдырды. Ержет екеуміздің аразымыз бір жас қана. Соның өзінде үлкендігін жасайтын. Қарауылға қалған біз тамағымызды жасап, жұмысымызды тиянақты істеп жүрдік. Келесі күні бактың ішінде отырған едік, ағам қызық ұсыныс тастады:

«Алманың өзі тәтті. Оған шекер қосқанымыз жарамас. Кел, одан да түз салайық» деді. Мән-жайына бара бермейтін мен қарсылық білдірмей, бірден келістім. Өйткені өз қолымызбен жасайтын тағамды жетім келіп тұр. Ал оның қызығы кешке басталды. Ашкөздікпен әлгі салатты көп жеп қойғанымыз соншалық, түні бойы жүрегіміз айныды. Кезек-кезек сыртқа жүгіреміз. Бұл да бала кезден қалған әрі ашы, әрі тәтті естелік екен.

СӘЛЕРКЕ ІШІП «ШӨЛІМДІ ҚАНДЫРДЫМ»

Бірде көрші достарыммен ойнап жүргенмін. Ол кезде әр



Әкемнен көргенімді жасай қояйын деген ой келді. «Әкел, қалай құятынын көрсетейін» деп сұйық отынды сора бастадым. Ішіме қатты тартқаным соншалық, жұтып қойдым. Қасымдағы



данышпан достарым «Ойбай, мұны жұтуға болмайды. Енді ішегіңді ірітіп жіберетін болды. Өлесін» демесі бар ма! Әлгілердің сөзін естігенде зәрем зар түбіне жетті.

Балалық қой, соны уайымдағаным соншалық, ойым оңға, санам санға бөлінді. Ақыры өлімге өзімді іштей дайындадым. Үйге келіп, түпкі бөлмеге теледидар қосып, Қожаға ұқсап өлімімді күтіп жаттым. Мектептен анам келді.

«Балам, үйден сәлеркенің иісі шығып жатыр ғой. Не төктіңдер?» деп сұрады. Шешеме шынымды айттым. «Ажалмен» алысып жатқан соң ба, қорқыныштан жылап жібердім. Анам күліп алды да кешке дейін тек қана сүт ішкізді. «Өлмейсің, қорықпа» деп басымнан сипап, жұбатып қояды. Сонда білдім достарымның алдағанын. Әлгі «шөлімді» қандырған сәлеркенің иісі үш-төрт күн үстімнен кетпей жүргені есімде қалыпты.

ӘЙ, ЕСПЕМБЕТ!

Театрда ең алғаш «Көбейді» ойнадым. Жас кезім. Бірінші қойылым өте сәтті шықты. Келесі жолы да осы деңгейде ойнайтыныма сенімді болдым. Билердің сахнасы бар болатын. Тура сол жеріне келгенде, маскара басып сөзімді ұмытып қалмаймын ба. Би-шешендердің бәрі отыр. «Еспембет» екеуміз бір-бірімізбен сөз таластырып жатырмыз. Кезек маған келді. «Ұа, Еспембет!» дедім дауысымды көтеріп. Ары қарай сөз жоқ. Тағы да бар дауысыммен «Ұа, Еспембет» деймін. Айтатыным ойыма оралар емес. Болмаған соң, баяу үнмен «Әййй, Еспембет!» дедім. Жанындағы серіктесімнің мықты болғаны жақсы екен. Киын сөтте тығырықтан алып шығады. Билердің бірі болып отырған Болат Әбділманов ағам сөзімді жалғап кетті. Бөкен «билік» айтып жатқанда ұмытқаным есіме сап ете қалды. «Токта Еспембет» – дедім де, қойылымды жалғадым. Сол жылдар есіме түссе, әлі күнге дейін күлемін...

ҚЫСЫҚ
МӘТІН ГҒА
БҮЗАР



«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САУАЛЫ

– Әлеуметтік желіде «Балаларға тарту» деген кішігірім кітапша тарады. Онда қысыңа келмейтін сөз тіркесі, мені «майысқан» өлең шумағын кездестірдік. Осыған қатысты не айтасыз?

ЖАУАБЫ

Маралбек ЕРМҰХАНБЕТ, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері. PhD докторант:

– «Алаш мұраларын жинау, зерттеу, жаңғырту бағытындағы ізденістердің бірінде республикадағы сирек қолжазбалар қорынан «Балаларға тарту» деп аталатын кітапша қолымызға түсті.

Оқу құралына Алаштың ардақты ұлдарының проза, поэзия жанрындағы төл туындылары топтастырылған. Соны бүгінгі кириллицаға түсіріп ұсынып отырмыз.

Бұл қазіргі балабақшаға арналған міндетті оқыту пәні емес, сол кездің бейнесін беретін 1926 жылғы шыққан жәдігеріміз. Оны неге жалаулатып жүрсіздер, түсінбедім?»



ТҰСАУКЕСЕР

Әдебиетшілер кеңістігі



Жастарға арналған жаңа жинақ жарық көрді. Алматылық «Ашық әдебиет мектебі» өзінің шеберлік сағатын биыл алғаш рет қазақ тілінде өткізді. Бұл жобаны жыл сайын «Шеврон» компаниясы мұрындық болып өткізіп жүр. Шеберхананың жүйріктері – шығармашылық байқаудан сүрінбей өткен 16-25 жас аралығындағы авторлар.

Сабақ аптасына бір рет, тегін өткізіліп тұрады. Оқу барысында қаламгерлер проза жазудың негізгі дағдысын менгеріп, психологиялық, шытырман оқиғалы, детективті, мистикалық әңгіменің жанрлық заңдылығымен танысады. Сонымен қатар өз жазбасын өздері редакциялауды үйренеді.

Осы аптада «Ашық әдебиет мектебінде» «Жеке кеністік» атты әңгімелер жинағының тұсауы кесілді. Кітапқа оқу кезінде жазылған үздік мәтін енген. Оның ішінде Семей қаласынан арнайы келген Өнза Берікболдың да әңгімесі бар. Ол «Күнделігіме үнемі қысқа әңгімелерді шимайлап жүретінім бар. Жазуға деген қызығушылығым бала кезімнен пайда болды. Іште жатқан талабым мен жазуға деген шабытымды дамытуға осы жастар әдебиеті шеберханасы себеп болды. Ең алдымен шашыраңқы ойымды жинақтауды үйретті. Кіріспеден бастап, шарықтау шегіне дейінгі тиянақтылыққа машықтандырды» – деп сөзін түйіндеді.

Бетті дайындаған Салтанат ШЫРЫНХАН



Бүгін Таң жұпары елінде 23-Қысқы Олимпиада ойындарының жетінші күні. Оңтүстік Кореяда өтіп жатқан халықаралық додаға елімізден 9 спорт түрі бойынша 57 спортшы қатысуда. Бүгінде қоржынымызда 1 қола бар. Оны фристайлдың могул түрінен Юлия Галышева қанжығамызға байлады. Жалпы Олимпиада ойыны 17 күнге созылып, 92 мемлекеттен келген 3 мыңға жуық спортшы бағын сынап отыр.

**Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН –
арнаулы тілші

Әбдіманап КЕҢЕС –
жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА –
терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ –
web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2104;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы – 40 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сонымен бірге «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.